





Құриетті әрінтестер, студенттер, отандастар!

Сіздерді барша қазақстандықтар үшін қастерлі әрі тағылымы терең 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіздік - ата-бадамыздың ғасырлар бойы аңсаған асыл арманы, елдігіміз бен еркіндігіміздің берік тұғыры. Бұл күн - халқымыздың бірлігі мен ынтымағын, рухани күш-қуатын айшықтайтын ұлы мереке. Егемен ел ретінде қол жеткізген жетістіктеріміз - білім мен ғылымды, мәдениет пен инновацияны дамыту жолындағы табанды еңбектің нәтижесі.

Бүгінгі цифрлық дәуірде тәуелсіздік құндылықтары жаңа мазмұнмен толығып, жас ұрпақтың санасында заманауи көзқараспен қалыптасуда. Осы жолда білім ордалары ел болашағын қалыптастыратын зияткер ұрпақ тәрбиелеуде маңызды рөл атқара береді.

Баршаңызға зор денсаулық, бейбіт өмір, шығармашылық табыс тілеймін. Еліміз аман, Тәуелсіздігіміз тұғырлы, болашағымыз баянды болсын!

Н.Х. СЕРҒАЛИЕВ,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы - Ректор, б.ғ.к., профессор



Құриетті әрінтестер, қадірлі студенттер!

Сіздерді келе жатқан Жаңа 2026 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Жаңа жыл – өткенге есеп беріп, келешекке сеніммен қадам басатын, үміт пен жаңарудың символы. Артта қалған жыл қара шаңырағымыз үшін білім мен ғылым саласында маңызды жетістіктерімен, жаңа бастамаларымен есте қалды. Университет ұжымы кәсіби жауапкершілік пен бірлік танытып, ел дамуына қызмет ететін ауқымды жұмыстарды жүзеге асырды.

Алдағы жыл да жаңа мүмкіндіктерге, тың идеяларға, нәтижелі жобаларға толы болсын. Білім мен ғылымды дамыту, цифрлық жаңғыру мен адами капиталды нығайту жолындағы ортақ еңбегіміз жемісті болады деп сенемін.

Жаңа жыл әр шаңыраққа амандық пен береке, молшылық пен шаттық әкелсін! Баршаңызға зор денсаулық, шығармашылық табыс, кәсіби жетістіктер тілеймін. Жаңа жыл құтты болсын!

Н.Х. СЕРҒАЛИЕВ,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы - Ректор, б.ғ.к., профессор



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІН НЫҒАЙТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Тіл саясаты және қоғамдық сана: мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайтудың ғылыми негіздері» атты республикалық ғалымдардың қатысуымен дөңгелек үстел өтті. Ғалымдар тіл білімінің өзекті мәселелерін жан-жақты талқылады. Шараның негізгі мақсаты – мемлекеттік тілдің қоғамдағы орны мен мәртебесін терең зерделеп, тіл саясатына ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу.



Дөңгелек үстелге еліміздің Алматы, Қызылорда, Өскемен және Орал қалаларынан келген танымал ғалымдар, ономастика зерттеушілері, журналистер және филология факультетінің профессор-оқытушылар құрамы, қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының студенттері қатысты.

Мемлекеттік тілді дамыту институтының директоры, ф.ғ.к. **Бижомарт Қапалбек «Мемлекеттік тілдің білім мазмұнындағы орны»** баяндамасында жаңартылған білім бағдарламаларындағы қазақ тілі пәнінің мақсат-міндеттерін талдап, тілдің функционалдық қолданысын күшейтуге бағытталған мазмұндық өзгерістердің маңыздылығын атап өтті. Оның айтуынша, қазіргі білім стандарты оқушының тілдік құзыретін арттырумен бірге, ұлттық дүниетанымға негізделген коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруды көздейді.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к. **Аман Абасилов «Ойконимдер және әлеуметтік лингвистика» атты баяндамасында** ойконимдердің (жер-су атаулары) әлеуметтік-мәдени табиғатын талдап, олардың қоғам тарихы мен тілдік сананы қалыптастырудағы рөліне тоқталды. Сарапшының пікірінше, ономастикалық атауларды ғылыми негізде зерттеу – ұлттық жадыны

жаңғыртудың маңызды бөлігі.

Шығыс Қазақстан университетінің қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к. **Бердібек Бияров «Топоним этимологиясы және экстралингвистикалық факторлар» атты баяндамасында** топонимдерді талдауда тілден тыс факторлардың әсерін көрсетіп, аймақтық атаулардың шығу тегін зерттеу кезінде тарихи, географиялық, этнографиялық деректерді кешенді қарастыру қажет екенін атап өтті. Бұл тәсіл ұлттық ономастика ғылымының сапалы дамуына ықпал етеді.

Қазіргі қоғамдық сананың жаңғыруы кезеңінде мемлекеттік тілдің беделін күшейту – стратегиялық міндет. Дөңгелек үстел барысында қазақ тілінің білім беру жүйесіндегі орны, тарихи атауларды қалпына келтіру, ұлттық лингвистикалық кеңістіктің бірізділігі секілді мәселелер талқыланып, нақты ғылыми ұсыныстар жасалды.

Шараның қорытындысы ретінде қатысушылар мемлекеттік тіл саясатын жетілдіруге, ономастикалық процестердің ғылыми базасын нығайтуға бағытталған ұсыныстар топтамасын әзірледі.

А.НАБИ,

Филология факультеті деканының оқу ісі және әдістемелік жұмыстар бойынша орынбасары

БҚУ географтары «QazaqGeography» марапатын алды

Батыс Қазақстан университетінің географтары QazaqGeography-дің ең жоғары марапатын иеленді.

Шоқан Уәлиханов атындағы «ŞOQAN UÄLIHAN» алтын медалі - Қазақстан ұлттық географиялық қоғамы QazaqGeography-дің ең жоғары марапаты.



2025 жылы М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің үш ғалымы осы беделді медальмен марапатталды:

- Серік Кішбекұлы Рамазанов, география ғылымдарының кандидаты;
- Қажмұрат Мақсұтұлы Ахмеденов, профессор, география ғылымдарының кандидаты;
- Рысты Алтайқызы Халелова, магистр, Қазақстан ұлттық географиялық қоғамының QazaqGeography бөлімшесінің басшысы.

Олардың марапаты географиялық білім беруді, ғылыми зерттеулерді және білім беру қызметін дамытуға, әсіресе Батыс Қазақстандағы ландшафт пен биологиялық өртүрлілікті зерттеу саласындағы маңызды үлестерін мойындайды.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде қылмыстың алдын алуға және жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған «Заң және тәртіп» тұжырымдамасын насихаттау жұмыстары жалғасуда. Осы мақсатта Батыс Қазақстан облысындағы ең көне университеттердің бірінде РАНТ мүшесі, ІІМ-нің Есірткіге қарсы профилактикалық Кеңесінің мүшесі, теолог және жастар арасында танымал имам Нұрлан Байжігітұлымен кездесу өтті.

НАСИХАТ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Студенттермен кездесуге сондай-ақ БҚО Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасының, кинологиялық қызметінің, БҚО Полиция департаментінің есірткі құқық бұзушылықтары профилактикасы кеңесінің өкілдері және «Құқық» пәні оқытушысы Тайман Қазиев те қатысты. Іс-шара барысында киберқауіпсіздік және есірткіге байланысты қылмыстардың алдын алуға, деструктивті әсерлердің алдын алуға және салауатты әдеттерді қалыптастыруға ерекше назар аударылды. 300-ге жуық жастарға спикерлер өздерінің кәсіби тәжірибесінен нақты мысалдарымен бөлісті. Нұрлан Байжігітұлы: «Өзіңізді және жастық шағыңызды жоқтамас үшін шешім қабылдаған кезде абай болу маңызды. Бүгінгі әрбір әрекет сіздің ертеңіңізді қалыптастырады»-деп атап өтті. Ал Наиль Әубәкіров Батыс Қазақстан облысындағы 2025 жылға арналған есірткі қылмыстары туралы фактілер мен статистиканы ұсынып, полиция қызметкерлері кездестірген нақты жағдайларды келтірді. Өз кезегінде Әсел Мырзахметова есірткі қылмыстарының алдын алу кеңесінде жұмыс істеу тәжірибесімен бөлісті және жастардың қылмысқа қатысқан кезде кездесетін қиындықтарын талқылады. Сонымен қатар кинологиялық қызметтің жұмысы және қылмыстың алдын алу бойынша иттермен жұмыс істеу процесі де көрсетілді. Студенттер талқылауға белсенді қатысып, сұрақтар қойып, қылмыстың алдын алу бойынша практикалық ұсыныстар алды. Бұл іс-шара жастардың құқықтық және рухани мәдениетін нығайтуда, тұрақтылық пен қауіпсіздікке бағытталған саналы ұрпақты қалыптастыруда маңызды қадам болды.

ПОПУЛЯРНЫЙ ПРОКУРОР А.АЙМАГАНОВА В ЗКУ

В ЗКУ им. М.Утеминов в рамках мероприятий по продвижению идеологии «Закон и порядок» состоялась встреча с начальником Управления по поддержанию государственного обвинения и участию в апелляционных делах Прокуратуры г. Астаны — Аймагановой Айжан Талгатовной, которая поделилась своим профессиональным опытом.

В ходе встречи были затронуты ключевые темы:

- как на практике проводится государственное обвинение в судах с участием присяжных;
- какие информационно-аналитические изменения вводятся в систему;
- современные тренды в сфере правоохранительной деятельности;
- профессиональные советы и ориентиры для будущих юристов.

Студенты, готовящиеся стать специалистами в юридической сфере, активно задавали вопросы, обсуждали реальные ситуации из практики и разбирали жизненные примеры. Все темы были раскрыты открыто и максимально прикладно. Что дала эта встреча молодёжи?

- расширила профессиональное видение;
- помогла глубже понять юридические процессы;
- сформировала практическое мышление;
- дала возможность установить прямой диалог со специалистами прокуратуры.

ЗКУ продолжает не только обеспечивать качественную юридическую подготовку, но и создавать условия, в которых студенты могут почувствовать, как работает правовая система в реальной жизни.



ТҮРКИЯДАН КЕЛГЕН ҚҰРМЕТТІ ҒАЛЫМНЫҢ АШЫҚ ДӘРІСІ

Филология факультетіне академиялық ұтқырлықпен Түркияның Анкара қаласындағы Хаджетепе университетінің (Hacettepe University) әдебиет факультеті, түрік халық білімі бөлімінің профессоры, доктор Озкул Чобаноглу (Ozkul Çobanoğlu) арнайы дәріс өткізді.



«Түрік халық мәдениетіндегі мифологиялар» тақырыбында Профессор Чобаноглу өз саласының әлемдік деңгейдегі маманы ретінде түрік мифологиясының терең қырларын ашып, студенттерге құнды ғылыми ақпарат пен жаңа көзқарас ұсынды. Осындай халықаралық дәрежедегі ғылыми кездесулер – білім кеңістігін кеңейтіп, студенттерге шабыт сыйлайтын маңызды тәжірибе.

ВЗГЛЯДЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ

В Западно-Казахстанском университете им. М.Утемисова состоялась международная научно-практическая конференция «Ценности независимости в цифровую эпоху: взгляды нового поколения», приуроченная ко Дню независимости Республики Казахстан. Это событие стало важной дискуссионной площадкой, объединившей отечественных и зарубежных учёных, экспертов и молодых исследователей для честного, глубокого и открытого разговора о том, как трансформируются идеи независимости в современном цифровом обществе.



Для молодёжи сегодня независимость — это не только исторический факт. Это возможность заявить о себе в глобальном пространстве, сохранить национальную идентичность в быстро меняющемся технологическом мире и развивать Казахстан как страну, уверенно движущуюся вперёд. Конференция позволила по-новому взглянуть на эти процессы и сформировать научную дискуссию вокруг ключевых смыслов эпохи. В работе конференции приняли участие исследователи из Италии, Турции, Великобритании, Германии, России, США. Эксперты обсуждали самые разные аспекты — от мифологического образа волка и его значения для тюркских народов до феномена героизма казахских девушек, от современных тенденций внешней политики Казахстана до политико-культурных основ тюркского Ренессанса. Каждое выступление становилось отдельной научной точкой роста, формируя

многогранное видение независимости сквозь призму XXI века. Молодые исследователи нашего университета также проявили высокую активность. Студенты 4 курса представили проект HistHunt — Telegram-бот для повышения цифровой грамотности в изучении истории. Это один из примеров того, как новая генерация осмысливает научные задачи через современные инструменты. Участники отметили высокий уровень дискуссии, актуальность тем и ценность открытого международного диалога. В центре обсуждений оказалась тесная связь между государственностью, национальными ценностями и цифровой трансформацией. Для университета особенно важно видеть, как новое поколение стремится исследовать и развивать идеи независимости — опираясь на науку, технологии и современное мировоззрение. Именно такая синергия формирует интеллектуальный потенциал страны.

В университете Махамбета открыты кабинеты инклюзивной поддержки

На факультете педагогики университета официально открыты несколько новых специализированных кабинетов для студентов с особыми образовательными потребностями:

- Кабинет сенсорной интеграции
- Кабинет адаптивного движения «Поддержка»
- Кабинет Монтессори

Основная цель новых кабинетов — обеспечить равное участие студентов в учебном процессе, поддержать

развитие их сенсорных, моторных, когнитивных и эмоциональных навыков. Здесь студенты получают возможность развивать практические умения в максимально приближенной к реальности среде, а будущие педагоги выполняют практические задания по сенсорной интеграции, адаптивному движению, логопедической и психологической коррекции. Кабинеты оснащены современным оборудованием. Хотим отметить, что новые кабинеты создают большие возможности



для повышения учебных достижений студентов, их социализации и раскрытия творческого потенциала.





мазмұн әкелді. Абай шығармашылығы қазақ қоғамының ішкі қайшылықтарын, мінез бен болмыстағы кемшіліктерді терең ашып көрсетумен ерекшеленеді. Оның өлеңдері жай поэзия емес, халыққа бағытталған үндеу, ұлттың өзін-өзі тәрбиелеуге шақырған моральдық бағдарлама іспеттес. Абай адамды адам ететін құндылықтарды – ар-ұят, адалдық, білім, еңбек, әділдік, мейірім сияқты қасиеттерді басты орынға қояды. «Ғылым таппай мақтанба» сияқты өлеңдері арқылы ол қазақ жастарын білімге, ғылымға, еңбектенуге үндеді. Оның “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым” өлеңі қазақ қоғамындағы артта қалушылықтың себептерін дәл көрсетіп, елдің дамуына

мақтаншақтық, надандық сияқты қасиеттерді батыл сынап, оларды ұлт дамуының тежегіші деп білді. Оның сыны – жекелеген адамдарды кінәлау емес, ұлттық санадағы тоқырауды түзетуге бағытталған сын. Сондықтан Абайдың ойлары әр дәуірде өзектілігін жоғалтқан емес. Абай дінді де ерекше түсінді. Ол исламды фанатизмсіз, соқыр сенімсіз, адамгершілік пен ақылдық тұрғысынан қарастырды. Діннің мәні – адамды түзету, адам болмысының сапасын арттыру деп түсінді. Оның «иман» туралы ойлары да терең философиялық мағынаға толы. Дінді ғылыммен, ақылмен, жүреппен бірге қарастырған Абай исламды адамды кісілікке бастайтын рухани тәрбие жолы ретінде

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ - ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ҰЛЫ ҚАЙНАРЫ

Абай Құнанбайұлы қазақ халқының рухани әлемінде орны айрықша тұлға. Оның шығармашылық мұрасы – ұлттың ғасырлар бойғы рухани ізденісінің, адамдық пен азаматтық ойдың шыңы, ұлттық сананы оятқан өшпес құбылыс. Абай – ақын, ойшыл, философ, ағартушы, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы ғана емес, бүкіл қазақ руханиятының мәнін, өзегін, болашақ бағдарын анықтаған ұлы реформатор. Оның қалдырған мұрасы – әр буынға өнеге, әр қоғамға бағыт-бағдар боларлық рухани қазына. Абайды тану – қазақты тану, ұлттың өзін-өзі түсінуі мен тануының ең маңызды баспалдағы. 1845 жылы Шыңғыстауда дүниеге келген Абайдың қалыптасуына әкесі Құнанбай Өскенбайұлы мен анасы Ұлжанның, сондай-ақ текті, сөзге жүйрік әулетінің ықпалы ерекше болды. Әкесі Құнанбай – ел басқарған, әділдігімен, парасатымен танылған тұлға болса, Ұлжан әулеті шешендігімен, тапқырлығымен белгілі еді. Осы екі арнаның тоғысы Абайдың бала кезінен ойы сергек, сөзі көркем, білімге құштар болуына негіз қалады. Ол жасынан мұсылманша хат танып, кейін орысша білім алып, шығыс және Батыс мәдениетін қатар меңгерген жан-жақты тұлғаға айналды. Араб, парсы, түркі классиктерінің еңбектері оның дүниетанымын тереңдетсе, орыс әдебиеті мен философиясы оның ой көкжиегін кеңейтті. Семейдегі орыс зиялыларымен кездесуі – Абай өміріндегі үлкен рухани бетбұрыс болды. Михаэлис бастаған интеллигенттер тобы Абайдың әлемге көзқарасын түбегейлі өзгертті. Сол арқылы ол Пушкин, Лермонтов, Крылов, Толстой сынды алыптардың туындыларын оқып, олардың шығармаларын қазақшаға аудару арқылы ұлттық әдебиетке жаңа леп, жаңа

кедергі болған мінездерді өткір сынайды. Абай бұл сынын жекелеген адамдарға бағыттамай, жалпы қоғамдық дертті емдеу мақсатында айтты. Абайдың аудармалары қазақ мәдениетін әлемдік руханиятпен жалғаған алтын көпір болды. Ол Пушкиннің «Евгений Онегиннен», Лермонтовтың философиялық жырларынан, Крыловтың мысалдарынан үзінділер аударып, оларды қазақ дүниетанымына жақын етіп қайта жырлады. Абай аудармалары түпнұсқадан аударып отырып, ұлттық өрнекпен қайта түрлендіруімен құнды. Ол әр шығарманы қазақтың ойлау жүйесіне лайықтап, тілдің табиғатын сақтай отырып бейімдеді. Бұл оның әдеби аударма өнерін жаңа деңгейге көтергенін көрсетеді. Абай мұрасының інжу-маржаны – оның қара сөздері. 45 қара сөзден тұратын бұл философиялық мұра қазақ руханиятының энциклопедиясы іспеттес. Қара сөздерінде Абай қоғамның жағдайын, адамның жан дүниесін, ұлттық мінезді, тәрбиені, дінді, ғылым мен білімді терең талдайды. Бұл шығармалар – қазақтың ойшылдық дәстүрін жаңа биікке көтерген еңбек. Әсіресе 38-қара сөзіндегі «Толық адам» концепциясы – бүкіл адамзаттық философия биігі. Абай адамды кемелдікке жеткізетін үш қасиетті – ақыл, жүрек, қайрат бірлігін ерекше атайды. Осы үшеуі үйлескенде нағыз адам дүниеге келеді дейді. Ол адамды сүйе білу, әділ болу, шынайы болу, еңбек ету, ғылымға ұмтылу сияқты қасиеттерді жоғары бағалап, адам тәрбиесінің негізі осы болуға тиіс деп есептейді. Абайдың дүниетанымы ағартушылықпен тығыз байланысты. Ол өзінің бүкіл шығармашылығы арқылы қазақ халқын оқу-білімге, ғылымға, өркениеттік даму жолына шақырды. Қазақ қоғамындағы рушылдық, жалқаулық, күншілдік,

бағалады. Абайдың қазақ қоғамына әсері орасан зор болды. Ол ұлттық әдебиетті жаңа деңгейге көтерді, жазба әдебиеттің негізін қалады, қазақ тілінің көркемдік қуатын күшейтті. Абайдың шәкірттері және Абайдан нәр алған алаш қайраткерлері қазақ руханиятының келесі үлкен толқынын қалыптастырды: Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабаев сияқты тұлғалардың шығармашылығында Абай ықпалы айқын сезіледі. XX ғасыр басындағы ұлттық жаңғыру кезеңі Абай ілімінің жалғасы іспетті болды. Бүгінгі күнде де Абай мұрасы өзектілігін жойған жоқ. Оның ойлары адамгершілік, білім, мәдениет, тәрбие, азаматтық, қоғам мәселелерін түсінуде үлкен бағыт береді. Әлемдік деңгейде Абайды таныту жұмыстары жүргізіліп, шығармалары көптеген тілдерге аударылуда. Мектептерде, жоғары оқу орындарында оқытылып, ғылыми орталықтарда зерттеліп келеді. Абай идеялары қазіргі заманның рухани сұрақтарына жауап беруге қабілетті. Өйткені ол көтерген мәселелер – адам болмысы, қоғамның дамуы, білім мен ғылымның маңызы – мәңгілік құндылықтар.

Қорытындылай айтқанда, Абай Құнанбайұлы қазақ халқының рухани көсемі, ұлттық ой-сана реформаторы, мәңгілік мұра қалдырған ғұлама тұлға. Оның өлеңдері мен қара сөздері – әр буынға бағыт беретін рухани бағдаршам. Абайдың мұрасы – қазақтың ғана емес, бүкіл адамзаттың қазынасы. Абайдың ақылы мен парасаты – бүгінгі қоғам үшін де, болашақ үшін де темірқазық. Қазақ халқы барда Абай мұрасы да жасай береді, ұрпаққа жол көрсетуді жалғастыра береді.

Аяжан АБУХАН,
ҚТӨ-31 студенті

«АБАЙ ӘЛЕМІ»

Әлеуметтік ғылымдар білім беру бағдарламасы аға оқытушысы А.Ж. Куспанованың ұйымдастыруымен МО-11, МО-13, РЕГ-11, ВИ-11, ТМИ-11, АИ-11 топтарының студенттерінің қатысуымен «АБАЙ ӘЛЕМІ» атты әдеби-музыкалық кеш өтті. Кештің негізгі мақсаты – ұлы ақынның мол мұрасын жастарға таныту, ұлттық руханияттың құндылықтарын насихаттау және Абай шығармашылығы арқылы тәрбиелік мәні зор өнегелі ойларды жеткізу болды.

Кеш барысында студенттер Абайдың лирикалық өлеңдерін оқып, сыршыл әндерін орындады. Қара сөздерден үзінділер ұсынылып, ақынның адамгершілік, рухани тәрбие жөніндегі ойлары көрерменге жеткізілді. Қобызда орындалған «Көзімнің қарасы» әні кештің көркемдік деңгейін арттырды. Сондай-ақ жас ақын Мадинаның Абайға арналған авторлық өлеңі тыңдалды. Көрермендер арасында «Абайдан қалған жауһар» атты шағын викторина ұйымдастырылып, студенттер Абай өмірі мен шығармашылығы жөнінде білімдерін сынап көрді. Бұл мәдени шара жастардың әдеби-рухани көкжиегін кеңейтіп, Абай мұрасына деген ықыласын арттырды. Кешке белсенді қатысып, өз өнерін паш еткен барлық студенттерге және кеш қонақтарына алғыс білдіреміз. Абай мұрасы – ұлттық рухани шамшырағы, өшпес қазынасы.



Гүлбарам ЖАЛАКЕНОВА,
Тарих, экономика және құқық факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары,
аға оқытушы, ҚР тарихы кафедрасының магистрі

Ұлы Абайдың туғанына 180 жыл толуына орай Г(ІР)-11 тобы «Ұлылардың ұлысы – Абай!» атты әдеби-сазды тәрбиелік іс-шара өткізді. Іс-шараның мақсаты – қазақтың ұлы ақыны, ойшылы Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын жас ұрпаққа терең танытып, рухани-адамгершілік құндылықтарды дәріптеу.

«Ұлылардың ұлысы – Абай!»

Іс-шара бас ғимараттағы кітапханада ұйымдастырылған арнайы кітап көрмесінен басталды. Көрмеде Абайдың шығармалары, зерттеулері мен ақын мұрасын насихаттайтын еңбектер қойылып, студенттерге кеңінен таныстырылды. Тәрбиелік шараға топ кураторы Жармағанбетова Нұрсұлу Сапарбекқызы, аға куратор Ходжанова Балдай Хамизеевна, жаратылыстану-география факультетінің тәрбие жөніндегі декан орынбасары Удреева Камшат Салихиденовна қатысты. Бағдарлама аясында студенттер Абайдың қара сөздерін оқып, жүрекке жетер жыр жолдарын мәнерлеп орындады. Қазақтың ұлттық күйі күмбірлеп, Абайдың «Көзімнің қарасы» әні шырқалды. Әдеби-сазды композиция ақын мұрасының өнегелік маңызын терең ашып, қатысушылардың рухани әсер алуына ықпал етті.

Ұлтжанды боп туған арлы қазақ

Шындығында да «Халық біз үшін емес, біз халық үшін туғанбыз» деп Ж.Аймауытов жазғандай бұлар туған халқы үшін бар өмірлерін қиған алаштық ерлер еді. Яғни «Халық үшін туып, халық үшін өлген жандар» бұлар.

Міржақып Дулатовтың өзі бір кездері Абай туралы былай деп жазып еді: «Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар. Бірінші ақынымыз деп қабірін халқы жиі-жиі зиарат етер, халық пенен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар» (1914 «Қазақ» газеті № 67 М.Д).

Ақынның осы сөзін бүгінгі күн өзіне айтса да болады ғой деп ойлаймыз. Туғанына 140 жыл, өмірден озғанына 90 жыл өтсе де халқы біздің бірінші романымыз, бірінші болып «Оян, қазақ» деп ұрандатқандықтан ақынымыз деп зор құрмет көрсетіп жатыр. Оның да рухы сезіп, қуанып жатқан шығар!

Ендігі бір аз-кем Ақын өмірбаянына тоқталайық. Осы арада зерттеушілердің бір арнаға тоғыспайтын тұстары байқалады.

Міржақып Дулатов Торғай облысының (қазіргі Қостанай) бұрынғы Торғай уезі, Сарықопа болысының үшінші ауылында 1885 жылы 25 қарашада дүниеге келген. (Марат Әбсәмет). Ал Зәки Ахметов мақаласында Майқара болысының үшінші ауылында делінеді. Қайткенде де бұл жерлер Қоңыраулы өзенінің жағасы, Қызылбел атырабы болып шығады.

Міржақып әуелде ауыл молдасынан тіл сындырып, артынан жаңаша оқыған ауыл мұғалімі Мұқаш Тоқтабайұлынан оқиды. Кейін ағасы Асқар Дулатұлы 1897 жылы Торғайдағы орыс-қазақ училищесіне оқуға береді. Бұл училищесіне бес жыл оқып 1902 жылы бітіріп шығады. Бұл турасында Асқар Дулатұлы былай деп еске алады: «Міржақып ауыл мектебінде үздік оқып шықты, інімнің оқуын әрі қарай жалғастырыуын мақұл көрдім. Өзім апарып Торғайдағы 2 жылдық орыс-қырғыз (қазақ) училищесіне түсіріп қайттым. Міржақып осы оқу орнын 1902 жылы өте жоғары бағамен бітіріп ауыл мұғалімі деген атаққа ие болды. Інім осыдан басқа жерде оқыған жоқ. Бұл білімді місе тұтпай, талаптанып өз білімін толықтыру үшін көп ізденетін. Сол замандағы белгілі орыс, татар жазушыларының кітаптарын оқитын түрлі газет журналдарды Орынбор, Омбы, Қазан, Уфа, Троицкден жаздырып алатын», - дейді. Ал, М.Әбсәмет зерттеуінде: «кейін 1902 жылы Уфадағы мұсылман оқу орнындағы «Ғалия медресінің педагогикалық курсын тамамдап, ауыл мұғалімі деген атақ алады» делінеді.

Кейбір зерттеулерде Міржақып Дулатұлы Ахмет Байтұрсынұловпен 1904 жылдың басында Қарқаралда кездесіп, үндеулер жазды делінсе (М. Әбсәмет), ал Асқар Дулатұлы естелігінде: «19 жасар Міржақып ел аралап, еркін жүргенді тәуір көретін, бейтаныс қалаларда болып, оның тұрғындарының өмірімен танысатын. Ең алғашқы сәтті сапары 1904 жылы сонау Омбыға түсті. Сонда Ахмет, Әлихан ағалармен танысады», - делінеді.

Бұдан шығатын қорытынды: Міржақып Дулатұлының нақты деректерге сүйеніп жазылған толық ғылыми ғұмырбаянының жазылу қажеттілігі туындап отыр.

Жоғарыда айтып өткеніміздей Міржақып Дулатұлы 1904 жылы Омбы, 1905 жылы Қарқаралы, 1906 жылы Орал, Петербор қалаларына барып, төңкерісшіл ағымдарға араласып, патша отаршылдығына ашық қарсы шығып, жер мәселесін көтеріп, мұсылмандықты қудалауға тыйым салуды талап еткен ағартушы – демократиялық бағыттағы қазақтың ұлттық озық оқығандарының алдыңғы легінің маңдай алдында көрінді.

1907 ж. Санкт-Петербургте

Қайран, асыл Мадияр аға,
Ұлт жанды боп туған арлы қазағым,
Отаршылдық еңсесін басқан халықтың, -
Арылту үшін рухани бодан азабын,-
Жан дауыспен жар салсаң да:
«Оян, оян, оян»! – деп,
Селт ете алмай жаттау жұрты:
Меңіреу, мелшеу даланың, - деп Әбу ақын (Әбу Сәрсенбаев) айтқандай бірі маса боп ызыңдап, бірі «Оян, қазақ» деп жар салған Ақаң мен Жахаң (Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов) шын мәніндегі алаштың ұлтын шын сүйген асыл азаматтары еді-ау.

татарша шығатын «Үлфат» газетінің қазақша қосымшасы «Серке» газетінің біріншісі соңында 21 жасар Міржақыптың тырнақалды «Жастарға» өлеңі басылып шықты. Екінші санында «Біздің мақсатымыз» атты мақаласы «Арғын» деген лақап атпен басылып шықты. Бұл өз халқын сүйген, өз қазағын сүйген ұлтжанды жас жігіттің жан айқайы еді: «... Өздеріңіз көз жазбай байқап отырғандай чиновниктер, урядниктер кедей қазақтарды ұрып-соғып, мал-мүлкін тартып, ойына не келсе соны істеді. Енді чиновниктер біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпымызға біздің моллаларға ғана тиісті неке мәселесіне де араласа бастады, діни кітаптарды тұтқынға алды... Енді бұл чиновниктер қазақ даласына мыңдаған мұжықтарды жер аударып, қазақтардың суы мен шұрайлы жерлерін тартып әперуде...». Ұзағырақ мысал келтіріп отырған себебіміз мұндай ашу ызаға толы сөздерді бұрын да кейін де Міржақыптан басқа ешкімнің айта алмағанында еді.

Міржақыптың даңқын қазақ арасы ғана емес, Ресейдегі түрік әлеміне тұтас жайған «Оян, қазақ» жинағы болды. Ол 1909 ж. Уфада шығып, 1911 жылы Орынборда екінші рет басылған. Бұл қазақ әдебиеті тарихындағы ең көп қудаланған шығарманың бірі болды. Кітаптың бірінші, екінші басылымдарын патша үкіметі жинатып алдырып, Міржақыпты 1911 ж. маусым айында Семей түрмесіне қамап, 19 ай бойы абақтыда ұстаған. Бұл жайында ағасы Асқар Дулатұлына жазған хатында айтылған: «Семей түрмесінде бір жарым жыл отырып, енді құтылдым. Семеймен қош айтысып, ізімді білдірмеуге тырысып, Түркістан қаласына жеттім... Түркістан және оған таяу жердегі Қарнақ қыстағында қазақ, өзбек, қырғыз ағайындардың арасында паналап, 1913 ж. басына дейін тұрдым. 1913 ж. бас кезінде мен Орынборға келдім. Сондағы ғалым-жазушы, өзімнің ұстазым әрі ағам Ахмет Байтұрсынұлына барып сәлем бердім. Ұзақ кеңесіп, қазақ халқына арнап газет шығармақ болдық. Бұл пікірімізді Әлихан Бөкейханов ағамыз толық қолдады. «Іске сәт» деп жұмысқа кірістік», - дейді.

Міржақып Дулатұлының «Қазақ» (1913-1918) газетінде Ахмет Байтұрсынұловпен тізе қосып тең редактор болып, еңбек еткен жылдары - ұлтының сол дәуірдегі қоғамдық-әлеуметтік проблемаларын жан-жақты көтеріп, оларға дұрыс жауап берген көкейкесті көсемсөз тудырған, қазақтың еркін журналистикасының негізін салған, оның жанрлық формаларын жасаған, баспасөз мәдениетін, тілін қалыптастырған ең жемісті, ең бақытты жылдар болды.

Содан кейінгі ұлттық ояну, Алаш қозғалысы, Алаш партиясы, Алаш өкіметі, Алаш әскері (1905-1920) бұлардың бәрінде де Міржақып Дулатов бел буып, білек сыбанып кіріскен.

Мен-біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі-
Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш!-
дейді «Шағым» атты өлеңінде.

Бұл бір өмірін халқының болашағы үшін арнаған асыл перзентінің сөзі еді. Алашорданың әр түрлі ұйымдарына сайланған, ұран жазған, күнделікті шаруаларын іске асырған, баспасөз бетіне насихаттаған, қажет десеңіз, керек болса қолына қару алып күрескен.

Көзіңді аш, оян, қазақ көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты,
Ер кетті, дін нашарлап, хал һараб боп,
Қазағым енді жату жарамасты – деуі сондықтан болса керек. Кейін Алашорда таратылып, көшірім берілгенімен кеңес дәуірінде басқа да Алаш басшылары секілді Міржақып Дулатұлына да үлкен істер тапсырылған жоқ, қайтып қудаланып, 1922 жылы Кеңес түрмесіне қамалып барып шығады. Ол Орынборда педагогикалық қызметте, Семейде сот мекемесінде, Ташкентте Қызылордада газетте елеусіз қатардағы қызметкер болады (1920-1928). 1928 жылы ұсталып, содан абақты тауқыметтерін тарта-тарта ақыры 1935 жылы 5 қазанда Ақ теңіз-Балтық каналының бойындағы Сосновец лагерінде опат болады. Арада 57 жыл өткен соң ғана ақын сүйегі 1992 жылы 18 қыркүйекте туған жеріне Торғай облысы Жангелдин ауданы, Бидайық кеңшарына әкелініп, қайта жерленеді.

Елу жыл өмірінің тек 25 жылдайын ғана шығармашылықпен айналысқан. Қалған өмірі қуғын-сүргін айдаумен өткен ақын артына өшпес мұра қалдырып кетті. Ол әрине, қазақ әдебиетіндегі тұңғыш роман «Бақытсыз Жамал» (1910), «Оян, қазақ» (Уфа «Шарқ» баспасы, 1909 жыл). Екінші басылым Орынбор «Уақыт» баспасы, «Азамат» (Орынбор, 1913), «Есеп құралы» (Орынбор, 1914,1922), «Терме» (Орынбор 1915), «Қирағат» кітабы (Орынбор 1916,1923), «Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіштері» (Қызылорда 1926-1927), «Қылмыстық істерді жүргізу заңы» (Орынбор, 1924) сияқты сүбелі, сүйекті шығармалар.

Міржақып Дулат өзінің поэзиялық, прозалық, драмалық шығармаларында негізінен ел мен жер тағдыры замана, қоғам қайшылықтары оқу-ағарту мәселері турасындағы ой-толғаныстары беріледі. Жеке бастың, әлеуметтік топтың мүддесі емес, ақынды толғандырар мәселе халық тағдыры, елінің қайғысы мен мұңы, айналып келгенде тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бір арнаға тоғысады. Ол ел мұңы, ел шері, ел зары, ел кегі.

Өзді-өзіміз дұшпан болып жүргенде,
Жарар еді басқаға жем болмасақ,
Бірлігі жоқ алты ауызды халықпыз ғой,
Қатардан сол себепті қалыппыз ғой.
Ғылым мен маһрифатты керек қылмай,
Надандық шәрбатына қаныппыз ғой.-
«Міржақыптың жиырма екі жасында жазылған «Таршылық халіміз хақында аз мінәжат» (1907) өлеңіндегі осынау қамырықты ойлар тұманы күні-бүгінге дейін арылмағанын қайтерсіз», деген академик Рымғали Нұрғали ағамыздың сөзіне еріксіз иланасыз. (Р.Нұрғали Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры)

Міржақып Дулатұлының шығармаларының басты сарындары надандық пен топастықты, әділетсіздікті сынып әшкерелеу, халықты мәдениетке, өнер-білімге, озық ойға шақырып, адамгершілік, азаматтық уағыздау болып келеді. Бұған дәлел «Насихат ғұмумия» өлеңі. Бұл өзі 17 бөлімнен 556 тармақтан тұратын үлкен дүние. Мұнда өнер таппай сандалған жастар, қайыр, иман, жақсылықты ойламаған байлар, дүмше молдалар мен билер сыналады. Ақыры ақынның үлгі тұтары-өнер тапқан өнерлі жігіттер.

Білдіру білмегенге білгенімді
Өзімнің деп білемін зор міндетім.
Мен жүрмін жиһан кезіп, халық аралап,
Жүруге күн болар деп жолығатын.

Бұл өлеңде пайда, саламаттық, байлық, азаматтық-бәрі де айналып келгенде халық игілігі жолына жұмсалсын деген ой айтылады.

Ақынның жалпы алғанда өлеңлерінің барлығы дерлік қоғамдық саяси мәселелерді қозғайтын азаматтық, әлеуметтік лирикаға жататын өлеңдер. Олар тақырыбы, идеясы тұрғысынан да, құрылыс-қалпы, айтылу ерекшелігі, жанрлық жағынан да түрлі-түрлі. Бірде қазақ халқының тағдырын, күн көрісі, келешегі туралы толғаныстар болып келсе, бірде жастарды өнер білімге, талапты, адал өнегелі болуға шақыратын насихат өлеңдер, бірде өмірдегі нақтылық, күнделікті жай-жағдайға, көпшілікке тікелей қатысты мәселелерді тілге тиек етіп, адамгершілік мәселелерді сөз қылатын әңгіме сұхбат-түріндегі өлеңдер, кейде патша үкіметінің озбырлығын жұрт билеушілердің әділетсіздігін әшкерелейтін өткір сқақ өлеңдер болып келе береді.

Енді бір айта кететін нәрсе Міржақып тілі ол өз өлеңдерінде араб, парсы, татар сөздерін көп қолданады. Әсіресе «Оян, қазақ» жинағында. Ол турасында ақын былай дейді: «...Мен өзім медреседе оқымасам да, 1904 жылдан бастап, ноғай әдебиетін үйренуге әуестендім. Сол жылдан бастап «Тәржіман» газетасы, онан кейін шыға бастаған өзге ноғай газеталарын һәм кітаптарын алып оқитын болдым. Сөздіктен қарап, кісіден сұрап ноғай тілі, ноғай әдебиетімен таныстым. Бұлар маған сіңді. Осы кітаптарда берілген араб, фарсы сөздерін әдеби тіл екен деп ойладым. Кейін Ибраһим Құнанбайұлының, Ахмет Байтұрсынұлының кітаптары шығып, соларды оқығаннан кейін «Оян, қазақ кітабым үшін қатты уялдым». («Тіл құралы», «Қазақ» 1915 №93).

Ал кейінгі «Азамат» (1913), «Терме» (1915) жинақтарында тіл тазалығына, сөз сұлулығына ерекше мән берілген.

Міржақып Дулатов қаламынан туған көркем де күрделі туынды-«Алашқа» өлеңі. Ақын халқына қарата сөйлеп, оның өткендегі өмірін есіне түсіріп, жақсы мен жаманды, кешегі мен бүгінгі салыстыра отырып, бірқатар әлеуметтік шындықтың бетін ашады. Ақын алдымен күні кеше төскейі төрт түлік малға толған бетегелі қырлардың, одан көшіп-қонған берекелі ауылдардың сөнін әсем суреттейді, ел басқарған ақылды хандар мен билерді еске алады.

Салтанат Сарыарқада құрған қазақ,
Толықсып жүрген кеше күнің қайда?-
дей келе, ел ішінен халқының сөзін сөйлейтін шешендер мен елін, жерін қорғайтын ерлер, ақылдың кені іспетті дана қарияларды іздейді. Солар бар елдің беркесі де артық болмас. Бірақ өмір Міржақып ойлағандай емес. Би-парашыл, қарттары-қарау. Бірлік жоқ, алауыздық үстем. Ақын осыған өкінеді.

Қорытындылай келе, ойымызды академик Рымғали Нұрғалидың мына бір сөздерімен аяқтағымыз келеді: «Әдебиеттің барлық жанрында бірдей қалам тартқан қаламгер, қоғамдық-әлеуметтік іске жанын салып араласқан қайраткер Міржақып Дулатовтың өмірінің биік нысанасы, тапжылмас темірқазығы, біркүндік даңқ өшпелі дәулет, баянсыз шен емес туған халқының бостандығы: өзін-өзі билеуі, отарлық езгіден құтылуы, ол қуғын-сүргін көріп, түрмелер азабын тартып жүрген, азапты күндердің өзінде де, ақтық демі біткенше бұл жолдан тайған жоқ. Қазақ жұртының бүгінгі, болашақ буындарын алаш деп ұран салып, келешек үшін арыстанша алысқан Міржақып Дулатовпен бауырындай етіп табыстыратын, айналып келгенде, осы мәңгілік жасайтын асыл қасиеттер. Рымғали Нұрғали VII том 115-бет.

Ж.Ж. ШАЙЕКЕНОВ,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің доценті, Филология ғылымдарының кандидаты

Тарих, экономика және құқық факультетінде Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Қазақстан – әлем мойындаған ел» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Тәуелсіз Қазақстанның әлемдік аренадағы орны

Шараның басты мақсаты — Тәуелсіз Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы орнын айқындау, егемендіктің мәні мен маңызын студент жастарға терең түсіндіру, сондай-ақ елдің сыртқы саяси бағыты мен халықаралық бастамалары жөнінде жан-жақты пікір алмасу болды. Дөңгелек үстел жұмысына «Тарих» мамандығының 4-курс студенттері мен кафедра оқытушылары қатысты. Аталған іс-шараның ұйымдастырылуына кафедраның аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты Есқайрат Ерболатұлы Хайдаров жауапты болды.

Іс-шара барысында Ист-43 тобының студенттері: Мейіржан Имашев «Қазақстан – тәуелсіз мемлекет», Лунара Ажмуратова мен Диана Хасан «КСРО-ның ыдырауы және ТМД-ның құрылуы», Диас Құрманғали «Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуы және қауіпсіздікті нығайтуы», Бақдәулет Кенжебаев «Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты және оның нәтижелері», ал Мейрамбек Аманғалиев «ҰҚШҰ – аймақтық қауіпсіздіктің кепілі» тақырыптарында мазмұнды баяндама жасады. Сонымен қатар Ист-41 тобының студенттері Назерке Аққайыр мен Аяулым Жәрдем «БҰҰ және Қазақстан», Элеонора Сағынғалиева мен Асылжан Мұратқали «Еуразиялық экономикалық одақ», Арсен Амангелдиев «Шанхай



ынтымақтастық ұйымы және Қазақстан» тақырыптарын кеңінен қамтып, Қазақстанның халықаралық ұйымдар аясындағы рөліне тоқталды.

Дөңгелек үстел қорытындысында қатысушылар Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген саяси жетістіктерін, халықаралық аренадағы беделін және сыртқы саясаттағы басым бағыттарын жан-жақты талқылады. Студенттер тәуелсіздіктің ел дамуы үшін стратегиялық маңызы зор екендігі жөнінде ортақ пікірге келіп, аталмыш шараның тәрбиелік әрі танымдық мәні жоғары екенін атап өтті.

Гүлбарам ЖАЛАКЕНОВА,

Тарих, экономика және құқық факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары, аға оқытушы, ҚР тарихы кафедрасының магистрі

Тәуелсіздік – халықтың ғасырлар бойы армандап жеткен ең асыл мұраты. Бұл күнге қазақ халқы оңай келген жоқ. Еркіндікке, өз мемлекеттілігін қалыптастыруға деген ұмтылыс ұлттың санасына терең сіңді. Тарихтағы қилы кезеңдер, ел басына түскен ауыр сындар, отарлық бұғаудың зардабы, азаттық жолындағы күрестер – бәрі халықты бірлікке жетеледі. Бірлігі жарасқан ел ғана баққа жетеді, ал берекесі кеткен елдің болашағы бұлыңғыр. «Ел бірлігі – Тәуелсіздіктің басты тірегі» сынды ұлы ұстаным әрқашан өзекті, бүгінгі Қазақстан жағдайында ерекше маңызға ие. Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап елдің ең басты құндылығы – бейбітшілік пен келісім, ұлтаралық татулық еді. Біздің мемлекетіміз – көп этносты, кең аймақты, сан түрлі мәдениеті бар ел. Мұндай қоғамның тұрақтылығы тек бірлікке негізделеді. Бірлік бар жерде даму бар, даму бар жерде болашақ бар. Тәуелсіздікті нығайту, елді қауіп-қатерден сақтау, жаһандық сын-тегеуріндерге қарсы тұру – барлығы да халықтың

қиындықтар, әлеуметтік мәселелер, өндіріс құлдырауы сияқты мәселелер кездессе де, халық ел басшылығымен бірге берік ұстаным танытты. Қоғамның сенімі, ынтымағы – дағдарыстан шығудың басты негізі болды. Шетел сарапшылары бұл тәжірибені «Қазақстандық тұрақтылық моделі» деп атап, оның бірегейлігін мойындады. Бұл – бірлік саясатының шынайы нәтижесі. Ел бірлігі Қазақстанның халықаралық аренадағы беделін де арттырды. Мемлекет бейбітшілік, қауіпсіздік, келісім идеясын жаһанға танытып, өз даму жолын қалыптастырды. Бұл бағыттар елдің ішкі тұрақтылығының арқасында жүзеге асты. Бейбіт өмір сүрген ел ғана осындай маңызды бастамаларды көтере алады. Бірлік идеясы – еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуының да қозғаушы күші. Соңғы отыз жылда Қазақстан білім, ғылым, мәдениет, өндіріс, ауыл шаруашылығы, инфрақұрылым салаларында үлкен жетістіктерге жетті. Заманауи мегаполистер, жаңа технологиялар, ірі өнеркәсіптік жобалар, халықаралық маңызды шаралар – мұның бәрі

Ел бірлігі – Тәуелсіздіктің басты тірегі

ортақ мүддеге топтасуына тікелей байланысты. Қазақстан тарихын парақтағанда бірлік идеясының әр дәуірде ерекше рөл атқарғанына көз жеткіземіз. Қазақ хандығы тұсында да, жоңғар шапқыншылығы кезінде де, ұлт-азаттық көтерілістер кезеңінде де халықтың тірегі – ынтымақ болды. Бір тудың астына жиналған ел ғана елдігін сақтай алды. Ал жетімсіздік, алауыздық – қоғамның әлсіреуіне, ішкі бірліктің бұзылуына әкелді. Қазақ даласы үшін ауызбіршілік әрқашан ең басты құндылық болды.

Тәуелсіздік алған 1991 жылдан бері Қазақстан бірлік идеясын нақты саясатқа, мемлекеттің тұрақты ұстанымына айналдырды. 1991 жылы КСРО ыдырап, Одақтың құрамындағы елдер өз алдарына жеке мемлекет болды. Солардың қатарында Қазақстан да болды. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі «Тәуелсіздік пен мемлекеттің егемендігі туралы» заңды қабылдады. Бұл құжат ел азаматтарының құқықтарын теңестіріп, қоғамдағы әр этностың, әр мәдениеттің құндылығын мойындады. Конституциялық нормалар еліміздегі ұлтаралық және дінаралық қатынастардың тұрақты дамуына жол ашты. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы – ел бірлігін нығайтудағы үлкен тарихи қадам. Ассамблея түрлі этнос өкілдеріне мәдениетін сақтауға, тілін дамытуға, дәстүрін жаңғыртуға мүмкіндік беріп қана қоймай, мемлекеттік деңгейде келісім саясатын жүргізуге атсалысты. Бұл ұйымның маңызы – қоғамдағы татулықты нығайтып, әрбір этносты Қазақстанның ортақ болашағына біріктіруінде. Ассамблея Қазақстандағы бейбітшілік моделінің негізгі тетігіне айналды. Бірлік саясатының жемісі – елдің ішкі тұрақтылығы. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары экономикалық

тұрақты қоғамның даму нәтижесі. Ал егер бірлік болмаса, мұндай құрылымдардың қалыптасуы мүмкін болмас еді. Қоғамның тұтастығына үлес қосатын тағы бір маңызды фактор – жастар. Тәуелсіз елдің жас буыны – елдің ертеңі, мемлекеттің тірегі. Жастардың білімді, бәсекеге қабілетті, отаншыл болып қалыптасуы елдің болашағын айқындайды. Бүгінгі таңда жастар үшін ашылатын жаңа мүмкіндіктер, халықаралық бағдарламалар, ғылыми жобалар олардың дамуына айрықша жол ашады. Жастардың ел мүддесіне адалдығы, тілге, тарихқа, мәдениетке құрметі – бірліктің де, тәуелсіздіктің де басты кепілі. Бірлік тек этностық келісіммен шектелмейді. Ол ортақ мақсат, ортақ жауапкершілік, ортақ құндылықтар арқылы нығаяды. Елге қызмет ету, адалдық, еңбексүйгіштік, заңға құрмет, тәртіптілік – осының бәрі қоғамды біріктіретін факторлар. Қай салада болсын, мұғалім, дәрігер, кәсіпкер, тіпті мейлі студент болсын, әрбір азаматтың еңбегі елдің дамуына үлес қосады. Бірлік – әр адамның жүрегінде басталатын қасиет. Заманауи жаһандану кезеңінде түрлі ақпараттық ықпалдар, идеологиялық әсерлер көбейді. Әлемде тұрақсыздық пен қақтығыстар да аз емес. Осындай жағдайда елдің тыныштығын, рухани тұтастығын сақтау – өте маңызды міндет. Халықты бір мақсатқа жұмылдыру, мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайту, адам капиталын дамыту – бүгінгі күннің стратегиялық басымдығы. Елдің болашағы тек саяси институттардың жұмысына емес, халықтың бірлігін сақтай білуіне де байланысты. «Бірлік болмай – тірлік болмас» дейді халқымыз. Бірлігі мен ынтымағы жарасқан ел қандай да болсын сынға төтеп бере алады.

Қазақстанның тәуелсіздігі – халқымыздың тату тірлігінің,

■ Көзқарас

ӨНЕРДІ ҚОЛДАУ – ЕЛ РУХЫН АРТТЫРУ

Жолдаудағы ең өзекті тұстың бірі – білім беру мен жастар саясаты. Президент жастардың сапалы білім алуына, ғылыммен айналысуына, цифрлық технологияларды меңгеруіне ерекше назар аударды. Бұл – болашақ мамандарға үлкен мүмкіндік. Себебі заманауи қоғамда бәсекеге қабілетті болу үшін үздіксіз ізденіс пен жаңа дағдылар қажет. Президент Жолдауда экономика мен цифрландыру мәселесіне қоса, өнер мен мәдениет саласына да ерекше тоқталды. Президент мәдениетті ұлттың рухани өзегі тұрғысында атады. Соған сәйкес жаңа мәдени нысандар салу, ескілерін жөндеу жұмыстары жалғасады. Театрлар мен өнер ұйымдарына қолдау күшейтіледі. Ұлттық өнерді халықаралық деңгейде насихаттаудың маңыздылығы арта түспек. Бұл бастамалар бізге үлкен мүмкіндіктер ашады. Біріншіден, мемлекет қолдауы шығармашылық адамдарға жаңа серпін береді. Екіншіден, цифрландыру арқылы онлайн-театрлар мен виртуалды мұражайлар қолжетімді болады. Үшіншіден, ұлттық дәстүрді сақтап, оны жастарға жеткізуге жол ашылады. Әрине, қиындықтар да бар: кей өңірлерде қаржы мен маман тапшылығы сезіледі, инфрақұрылым ескірген. Бірақ бұл мәселелерді жастардың белсенділігі, мемлекеттік бағдарламалардың дұрыс іске асуы арқылы шешуге болады. Қысқасы, 2025 жылғы Жолдау – өнер мен мәдениетке жаңа серпін берер құжат. Студент ретінде мен де ұлттық құндылықтарды дәріптеп, мәдени шараларға атсалысу арқылы өз үлесімді қосамын. Өнерді қолдау – елдің рухын көтеру екенін ұмытпайық!

Аида ҚАЙЫРЖАНОВА,

мәдениет және өнер факультетінің IV курс студенті

АТА-БАБАМЫЗ АҢСАҒАН ӨРКЕНИЕТ



Бүгінгі таңда әлемде болып жатқан мәселелер елімізге тікелей әсерін тигізері сөзсіз. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жолдауында қозғалған елімізге енгізілетін негізгі бағыттар мен үшін ерекше.

Өткен заманды және болашақты біріктіретін тұс - бүгінгі күнді үнемі алға тартып, дұрыс жолға ұмтылу. Президенттің айтқанындай, Қазақстан алдағы үш жылдың ішінде толыққанды кибернетикалды және цифрлы мемлекетке айналуы тиіс. Бір кезде біздің ата-бабаларымыз сақтар, ғұндар, түріктер, қыпшақтар, өздерінің дамыған өркениеттерін күллі әлемге көрсеткен болатын. Енді біз күткен мүмкіндік қайта оралды. Мемлекетіміз әлем сахнасында «жасанды технологияларды дамыту және қолдану» саласында мықты дамыған елдердің қатарына кіре алады. XXI ғасыр - Қазақстан үшін глобалды цифрландыру және жасанды интеллект ғасыры. Әлем үшін, бұл тек бірінші қадам болса, Отанымыз, ұлтымыз үшін, бұл - глобалистикалық және жасанды интеллект әлеміне қарай ұлы қадам басуы. Жасанды интеллект және цифрлы даму министрлігін құру, цифрлық кодексті жедел қабылдау - отанымыздың кибернетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кепілі. Инвестициялар біздің елімізге жаңа мүмкіндіктер ашарына үмітпен қараймын.

Ғузат ДІЛМҰҚАНОВ,

тарих, экономика және құқық факультетінің III курс студенті

берік бейбітшілігінің, өзара сыйластығының нәтижесі. Осы құндылықты сақтау – әрбір азаматтың борышы. Бірлік – ұлттық қауіпсіздіктің, мемлекет тұрақтылығының, ұлт болашағының ең сенімді тірегі. Қысқасы, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуы ел ішіндегі бірлікпен тікелей байланысты екенін уақыт дәлелдеді. Кешегі қиындықтарды еңсерген де - бірлік, бүгінгі жеткен жетістіктердің негізін қалаған да – бірлік. Ал ертеңгі әлемге ашылатын жаңа есіктердің кілті де сол бірліктің қолында. Халықтың татулығы, ұлттың ынтымағы, елдің тыныштығы – мемлекеттің ең басты байлығы. Сондықтан әр буын, әр азамат осы құндылықты көздің қарашығындай сақтауы, өзінің парызы екенін ұмытпауы керек. Тәуелсіздіктің баянды болуы елдің бірлігіне тікелей байланысты. Бірлігі бекем елдің болашағы жарқын, жүрісі нық, тұғыры биік болмақ.

Аяжан АБУХАН,

ҚТӨ-31 студенті, Қазақстан Республикасы Президенті атындағы шәкіртақы иегері

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЖИТС-ҚА ҚАРСЫ КҮРЕС АЙЛЫҒЫ

Дүниежүзілік АИТВ-ға қарсы күрес айлығы аясында Мәдениет және өнер факультетінде маңызды ақпараттық іс-шара – дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Шараның негізгі мақсаты – жастар арасында АИТВ инфекциясы туралы дұрыс түсінік қалыптастыру, алдын алу шараларын түсіндіру және қоғамдағы сауаттылық деңгейін арттыру болды.

Жиынға БҚО әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Облыстық АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы» қызметкері Ғалымғалиева Бақытгүл Боранбайқызы арнайы шақырылды. Қонақ қатысушыларға инфекциясының таралу жолдары, оның алдын алу тәсілдері, еліміздегі эпидемиологиялық жағдай және қазіргі заманауи емдеу мүмкіндіктері жөнінде мазмұнды баяндама оқыды. Сонымен қатар жастарды жалған ақпараттан сақтанып, тек ресми дереккөздерге сүйенуге шақырды. Іс-шара барысында факультеттің суретші студенттері дайындаған АИТВ-ға қарсы тақырыптағы шығармашылық жұмыстар көрмеге ұсынылды. Жастардың салған плакаттары, графикалық жұмыстар және мазмұндық суреттері қоғамды аурудың алдын алуға шақырған ұрандармен ерекшеленді. Әр туынды жас буынның өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға үндейтін ойлы позициясын көрсетіп, қатысушылар тарапынан жоғары бағасын алды.

Дөңгелек үстел ашық пікір алмасуға ұласып, студенттер маманға өз сауалдарын қойып, нақты жауап алды. Мұндай шаралар жастардың ақпараттық мәдениетін көтеруге, денсаулыққа қатысты саналы көзқарас қалыптастыруға үлкен ықпал ететіні сөзсіз. Мәдениет және өнер факультеті алдағы уақытта да денсаулық мәдениетін насихаттайтын шараларды жалғастыратын болады.



Раушан ҚУАНШАЛИЕВА,
Мәдениет және өнер факультетінің
тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары

Для обучающихся 4 курса ОП 6В05301 – «Химия» организованы и проведены практико-ориентированные занятия по дисциплинам «Химия высокомолекулярных соединений» и «Первичная переработка нефти и газа» с целью закрепления изученного теоретического материала в конкретной производственной среде предприятий города таких, как ТОО «Petro-Unit» (испытательная лаборатория буровых растворов) и ТОО «СалютОрто» (цех по изготовлению протезов).

Практика на предприятиях

Студенты ознакомились со структурой лаборатории, условиями, методами и оборудованием испытания буровых растворов. Изучили особенности работы цеха производства деталей из полиэтилена, эпоксидной смолы, используемых при изготовлении протезов. Занятия были организованы и проведены старшим преподавателем Абдрахмановой А.Г., и специалистами предприятий: химиком-технологом Аймушевой А.А. и инженер-технологом Карамановым А.А.



В ЗКУ завершилась инкубационная программа Startup Orda

Последние два месяца в университете кипела невероятная стартап-энергия. Наши студенты и магистранты вместе с Центром коммерциализации и региональным филиалом Astana Hub - Batys Hub - прошли путь от идеи до реальных решений, которые уже готовы менять жизнь кампуса и региона. Что происходило два месяца?

- брейнштормы до позднего вечера
- менторские сессии от экспертов
- первые питчи, первые ошибки, первые победы
- и главное — рост: профессиональный, личный и предпринимательский



Участники представили проекты, которыми можно гордиться:

- HistHunt — чат-бот, который помогает студентам быстрее учиться и находить нужную информацию.
- Jective — платформа, объединяющая людей, идеи и ресурсы.
- Mobiminds — практический формат изучения дисциплин через вовлекающий подход.
- Uniclub — сервис для записи детей в кружки и секции.
- IQ — цифровое приложение для кампуса.
- Unistart — инструмент для эффективной учебной организации.
- ELVAC — электронный паспорт прививок.

Startup Orda — это больше, чем программа. Это шанс для молодежи Западного Казахстана создавать своё будущее здесь и сейчас.

ПАЙДАЛЫ ТРЕНИНГ

Педагогика факультетінің профессор-оқытушылар құрамына «Білім берудегі заманауи ЖИ технологияларын қолданып, мультимодальды контент генерациялау мүмкіндіктері» тренингі оздырылды. Оны осы факультетке жасанды интеллект пен цифрландыруды енгізуге жауапты ретінде бекітілген информатика мұғалімдері мен IT мамандарын дайындау білім беру бағдарламасының аға оқытушысы Мухамбетова Ғ.Г. өткізді.

Тренингке факультет деканы Ергалиева Г.А. және факультеттің барлық білім беру бағдарламаларының оқытушылар құрамы қатысты. Басты мақсат – болып білім берудегі заманауи жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы мультимодальды контент генерациялаудың мүмкіндіктерін талдау және олардың оқу үдерісін жетілдірудегі рөлін айқындау саналды. Тренинг барысында, алдымен, тілдік модельдерге жататын пайдаланушының сұрағына дәл әрі пайдалы жауап беретін көпфункционалды жасанды интеллект жүйелері DeepSeek және Gemini мүмкіндіктері қарастырылды. Chat GPT, DeepSeek және Gemini үш платформаға салыстырмалы талдау жасалды. Кейін қатысушылар суреттен видео жасаудың PixVerse.ai, ән құрастырудың Suno.ai, жасанды интеллекттерін қолданып, компьютерде практикалық жұмыстар жасады. Тренинг қорытындысында қатысушылар білім берудегі заманауи ЖИ технологияларының практикалық қолдану мүмкіндіктерімен танысып, мультимодальды контент генерациялаудың тиімділігін өз тәжірибесінде байқады.



МАХАМБЕТ

2025

ҮЗДІКТЕРІ

М.Өтемісов атындағы БҚУ қабырғасында дәстүрлі «Махамбет үздіктері-2025» премиясын табыстау кеші өтті. Биыл университеттің үздіктері 7 аталым бойынша анықталды. Бұл-білімге, үздіксіз ізденіске және белсенді өмірлік ұстанымға берілген жоғары баға. Сондай-ақ қабылдау науқаны кезінде Қоғамдық қабылдау комиссиясының кеңесшісі ретінде жауапты міндетін абыроймен атқарып, университет дамуына үлес қосқан қызметкерлерге ректордың Алғыс хаты табысталды.

«Махамбет үздіктері – 2025» марапат иегерлері:

- «Үздік жас ғалым» - Нұрбақыт Мендешқызы.
- «Үздік пікірсайысшы» - Маржан Қарғабаева.
- «Үздік әлеуметтік парақша» - ФИЛОЛОГИЯ факультеті.
- «Үздік жас талант» - Аружан Бисембай.
- «Үздік оқырман» - Айтолқын Әлібекқызы.
- «Үздік спортшы» - Сырым Көркем.
- «Үздік студент» - Есқайырова Гүлназ.



- «Мейрам Исатайұлы Исатаев» атындағы атаулы шәкіртақы - Дамир Иван.

Салтанатты кештің құрметті қонақтары — «Жастар рухы» Жастар қанаты БҚО филиалының төрағасы, университет түлегі Исламғали Архат, сондай-ақ қалалық тілдерді оқыту мен дамыту оқу-әдістемелік орталығының басшысы, ақын, университет түлегі Дәурен Шамұратов жеңімпаздарды құттықтап, жастарға сәттілік тіледі.



■ Атамекен. Ақ мекен!

«Тайпақтың тағдыры – ұрпақтың аманаты» демекші, университетіміздің қабырғасында желтоқсанның бірі руханияттың шамы жағылды. Бұл – жай ғана кеш емес, бұл – туған жерге тағызым, тарихтан тағылым, ұрпаққа аманат болған сырлы да салиқалы жүздесу. Зал төріне жиналған зиялы қауым, ақсақалдар мен ардагерлер, ұстаздар мен магистрант, студент жастар бір сәтте жүрек үндестігін тапқандай, себебі бүгінгі кездесудің өзегі – өлке тарихын өн бойына сіңірген, шежірені шерменде жүрекпен сөйлеткен өлкетанушы қаламгер, зерттеуші тұлға Өленғали Ұлықпанұлы Керейтегінің «Өз ұям – менің Тайпағым» атты эсселер жинағының таныстырылымы.

«Ақсақалым – ақылшым, ардагерім – абыройым!», «Ақсақал – ел айнасы». Қазақ ұғымында «ақсақалдық» – жаспен емес, жасампаздықпен өлшенетін мәртебе. Сол биік ұғымның салмағы кеш бойы сезіліп тұрды. Ақылман қарттардың сөзі – өмірдің өзі, елдіктің көзі, тарихтың тірі дауысы іспетті. Ақсақал – елдің қорғаны, ақылдың қазынасы, ұрпақтың темірқазығы. Осы ұғым танымдық кештің өн бойына алтын арқау болды.

Кеш шымылдығын университеттің Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Мерген Қуанышұлы Сүлейменов ашып, тағылымды шараның мәні мен маңызын тереңінен тарқатты. Білім мен тәрбие ұштасқан ортада өткен бұл басқосудың жас ұрпаққа берер өнегесі бөлек екенін атап өтті. Сахнада сырқалған «Ағалар өні» де сол сабақтастықтың үніндей естілді. Аға буынның ақылы – елдің шамшырағы екенін тағы бір мәрте мойындатты.

Тарихқа тағызым еткен тағдыр. Өмірін туған өлкенің өткені мен бүгінін жалғауға арнаған Өленғали ағаның сөзі – тұтас бір дәуірдің үні іспетті. Ол Тайпақтың тағдырын, елдің басынан өткен қилы кезеңдерді, халық жадында сақталған ақтаңдақ жылдарды жүрек сүзгісінен өткізгендей әсер қалдырды. Ал оның өмірлік серігі, жан жары Тыныштық апайдың сахна төрінде айтқан шынайы лебізі еңбектің артында үнсіз тұрған үлкен

ЖЕРҰЙЫҒЫМ - ТУҒАН ЖЕРІМ



сүйеніштің бар екенін сездірді. Отбасы мен руханият қатар өрілгенде ғана мұндай кемел дүниелердің туатынына жұрт тағы бір мәрте көз жеткізді.

Студент Нұрайна Аманғалиева орындауындағы ұлы Абайдың көркем қара сөзі кешке әдеби әр берсе, Мұқағали Мақатаевтың жүректен шыққан «Оңай сөз ғой Отанды сүйем деген» өлеңін толғаған Яна Сағын залды терең ойға батырды. Отан, туған жер, тағдыр, елдік – барлығы бір сәтте жүректерді бір арнаға тоғыстырды. Бүгінгі кешіміздің қаһарманы Өленғали Ұлықпанұлы Керейтегіне домбыра сазымен ән арнаған Қазбек Қасиет: «Қазақпыз абыз бар қариясы, Қыздарының бойында бар ар ибасы. Ұланасыр жері бар бетпақ дала, Өзені мен көлі бар дариясы...» деп дүйім жұртты толқытты, ұлттық рухты оятып, жүректерге жылулық пен

сағыныш ұялатты.

Кеш барысында елдің дамуына адал тер төккен бірқатар азаматтардың да тәлімді де тұщымды сөзі тыңдалды. Еңбек пен спорттың, ұстаздық пен азаматтықтың биік үлгісін көрсеткен Мынатаубиік Өнесов, Нәсіпқали Қайырқомұлы, ардагер ұстаз Қайролла Сабыров сынды тұлғалардың өмір жолы – жас буын үшін шынайы өнеге. Ал университет ардагерлер кеңесінің төрағасы Мерғали Құсайынов руханияттың ұлт өміріндегі орны жайлы тебірене сөз сөйледі. Сондай-ақ ардагерлермен жүздесу барысында жас ғалым, 2-курс магистранты, ардагер педагог Қайролла аға немересі Нұртілек Қайруллаев сөз алып, атасының ұлағатына немерелік алғысын жеткізді. Кештің әсерлі сәттерінің бірі – филология факультетінің 3-курс студент қыздары орындаған «Есіңе мені алғайсың» хоры.

Бұл – бүгінгі жастардың өнерге, рухани мұраға қатысты іңкәрлігінің айғағы.

Көпшілікке терең ой салған тәлімді жүздесудің түйінді сөзінде профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев ұлттық құндылық, рухани сабақтастық, тарихи сана туралы терең ой қозғап, бүгінгі студенттің ертеңгі ел тірегі боларына тоқталды. Қысқасы, Тайпақ тарихы парақтарын тасқа басқан ойлы кітап тұтас бір ұрпақтың жадын оятқан рухани оқиғаға айналды. Бұл кітап – өткенге тағызым, бүгінге тағылым, ертеңге аманат. Руханияттың жолы – мәңгілік. Ал туған жерге махаббат – жүректен өшпейтін мәңгілік шырақ. *Басты тірек – туған топырағымыз – Жерұйығымыз!*

Айша МАХАМБЕТҚЫЗЫ,
Қазақстан Республикасы Президенті
атындағы шәкіртақы иегері

«Қызыл орамалды шынарым»

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Мәдениет және өнер факультетіне қарасты «Мұрагер» студенттік театры көрерменге ерекше рухани әсер сыйлаған кезекті қойылымын ұсынды. Бұл жолы жас өнерпаздар әлем әдебиетінің көрнекті өкілі, қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «Қызыл орамалды шынарым» атты лирикалық драмасын сахналады.

Қойылымның көркемдік жетекшісі – И.И. Искакова, қоюшы режиссер – Ш.Н.Қыдан. Сахна төрінде орын алған бұл туынды – студенттік театрдың шығармашылық ізденісінің, кәсіби деңгейге ұмтылған талпынысының жарқын дәлелі. Айтматов шығармалары адам тағдыры, адалдық, махаббат пен өмір мәні сияқты мәңгілік тақырыптарға құрылатыны белгілі. Осы бір күрделі дүниені жас актерлер өзіндік сезімдік қуатпен жеткізіп, әр кейіпкердің жан қақтығысындағы психологиялық тартысты шынайы көрсете білді. Қойылым барысында көрермендер тек оқиға желісін тамашалап қана қоймай, автор көтерген терең философиялық ойлармен де бетпе-бет келді. Шығармадағы басты идея – адамның жүрегіндегі адалдық, қолда



барды бағалау, шынайы махаббат пен адамгершіліктің құндылығын жоғалтпау. Осы ұлы ұғым спектакльдің әр көрінісінен анық байқалып отырды. Жас әртістердің шебер ойыны, режиссуралық шешім мен сахналық көркемдік тұтастық көрерменді бір мезетте өткенге жетелеп, бір мезетте қазіргі заман туралы ойландырды. Әсіресе, драманың лирикалық сипатымен астасқан музыка, жарық көркемдемесі және минималистік декорация қойылымның эмоционалдық әсерін күшейтіп, көрерменді терең толғанысқа салды. «Мұрагер» студенттік театры көп жылдан бері университеттің мәдени өмірінде маңызды орын алып келеді. Биылғы жаңа маусым да театрдың шығармашылық ізденісі тоқтамағанын дәлелдеді. Өрбір қойылым – студенттердің кәсіби қалыптасуына, сахна тілі мен актерлік шеберлігін шыңдауға мүмкіндік беретін үлкен мектеп. Кеш соңында көрермен ұзақ қошемет көрсетіп, жас актерлердің өнеріне жоғары баға берді. Бұл – тек бір қойылымның табысы емес, мәдениет пен өнерге құштар жастардың үлкен әлеуетінің белгісі.

Индира ИСКАКОВА,
Режиссура БББ аға оқытушысы, «Мұрагер»
театрының жетекшісі

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕРДІ САҚТАУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР

Мәдениет және өнер факультетінде «Ұлттық мәдениет пен өнерді сақтаудағы инновациялық әдістері» атты әдістеме айлығы өтті. Әдістемелік айлықтың негізгі мақсаты – ұлттық өнерді оқытуда заманауи педагогикалық тәсілдерді кеңінен қолдану, оқытушылардың кәсіби және әдістемелік тәжірибесін насихаттау, сондай-ақ студенттердің шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту болды.

Орындаушылық өнер білім беру бағдарламасы бойынша ҚР Еңбек сіңірген әртісі К.К.Кужаков «Вокалдық-техникалық дағдыларды жетілдіру» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ барысында ол студенттерге вокалдық техника мен дауысты дұрыс пайдалану әдістерін практика жүзінде көрсетті. М.М.Попов өзінің ашық сабағында сонаталық форма ерекшеліктерін талдап, композиция құрылымын және әр бөлімнің музыкалық мәнін түсіндірді. Г.Б.Алимбаева музыкалық туындының көркемдік мазмұнын ашу әдістеріне ерекше көңіл бөлді, шығарманың идеясын дұрыс түсіндіру жолдарын көрсетті.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы О.В. Ворфоломеева «Камералық ән айтуда вокалдық жаттығулардың маңызы» тақырыбында дәріс оқып, дауысты шынықтыру мен музыкалық нақтылыққа жетудің әдістерін түсіндірді.

ҚР Еңбек сіңірген әртісі Ж.А.Рахимова қазақ халық әндерін орындау дәстүрлерін таныстырды, олардың тарихи мәні мен орындау ерекшеліктерін ашты. М.С. Егина қазақ композиторлары шығармаларындағы лирикалық образды талдауға ерекше назар аударды, ал өнертану кандидаты, аға оқытушы А.Т.Ергалиева Е.Г.Брусиловскийдің 120 жылдығына арналған тақырыптық сабақ өткізді. Аға оқытушылар Н.С.Санбаева мен В.Н.Лягавина

академиялық вокалда концертмейстермен жұмыс жасаудың практикалық ерекшеліктерін көрсетті. А.А.Мухамбетжанова дәстүрлі әннің тәрбиелік мәнін ашып, оның қазіргі білім беру процесінде маңызын атап өтті. Л.Ж.Каженова мен С.Ж.Табылдиева шертпе және төкпе күйлерге арналған лекция-концерт ұсынды, мұнда студенттер қазақтың ұлттық музыкалық мұрасын тәжірибе жүзінде меңгерді.

Режиссура, хореография және мәдени-тынығу жұмысы бағдарламасы бойынша А.Б.Калжанова тарихи билерді қазіргі сахнада қолдану мүмкіндіктерін көрсетті. Ж.Т.Муканбетова қазақ биін оқыту әдістемесіне ерекше тоқталып, сабақтарды қызықты әрі тиімді өткізу жолдарын ұсынды. И.И.Искакова актер шеберлігінің негізгі элементтерін меңгертуге бағытталған шеберлік сабағын өткізді. А.А.Тасболатова Поволжье халықтары билерінің ерекшеліктерін таныстырса, А.И.Кенжетаева классикалық би техникасына тоқталды. ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, профессор А.И.Мамбетова «Абайдың қара сөздері» поэтикалық композициясын студенттерге таныстырды. Аға оқытушы Г.Е.Жумағалиева жастармен жұмыс жасау формаларын талдап, тиімді әдістерді көрсетті. Н.Н.Жұмен мәдени-тынығу жұмысы сценарийінің композициясына назар аударды, ал аға оқытушы Р.С.Абуова музейлік квесттер мен интерактивті бағдарламалардың маңызын атап өтті. Аға оқытушы А.А.Сундеткалиева мен Н.Л.Қисметова қуыршақ актерінің шеберлігін көрсетсе, аға оқытушы М.Е.Султанова және Т.Ж.Жигеров сахналық қозғалыс әдістемесін тәжірибеде көрсетті.

Көркем еңбек және мектептегі дизайн мұғалімдерін дайындау, сән және дизайн мамандары білім беру бағдарламасы бойынша Ж.Н.Пазлышанова дизайн жобасын жарнамалаудың заманауи әдістерін таныстырды.

Г.К.Амантурлина электрондық портфолио жасау тәжірибесімен алмасты. Ш.Е.Катчекова жүннен бұйым жасау әдістемесін практикада көрсетті.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Ж.С.Кайнбаева және И.Озарко мектеп фотографиясына арналған шеберлік сабақтарын өткізді. А.Ж.Дюсенбаев интерьер элементтерін жобалау жолдарын, Д.В.Мартыненко фирмалық логотип жасау әдістерін ұсынды. В.С.Джумағалиева дизайнды оқытуда жасанды интеллект қолдану мәселесін көтерсе, Б.А.Молдашева мен Б.А.Жумабаев түрлі түсті графика техникасын тәжірибеде көрсетті. А.К.Есенғалиева киім дизайнындағы түстің рөліне назар аударды. Музыка мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша Э.Г.Потиченко фортепианолық шығармалардағы динамикамен жұмыс жасау әдістерін көрсетті. Д.Н.Малаева лад пен аккордтар тақырыбын түсіндіріп, музыкалық теорияны практикамен байланыстыруға мүмкіндік берді. А.Ж.Кенжеғалиева мен М.Т.Габбасова ансамбльдік орындаушылықтың маңызын ашты, А.В.Юрченко аспапта орындау техникасын талдады. Г.Е.Утегенова вокалдық ансамбльде орындау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған сабақ өткізді. Әдістемелік айлық барысында өткізілген сабақтар мен шеберлік сабақтар оқытушылардың кәсіби шеберлігін арттыруға, студенттердің теориялық және практикалық білімін тереңдетуге, ұлттық мәдениет пен өнерді заманауи контексте дамытуға ықпал етті.

Н.А. ХАБАДАШЕВ,

Мәдениет және өнер факультетінің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары

Р.Ж.КУАНШАЛИЕВА,

Мәдениет және өнер факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары

Педагогика және психология білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, магистр Н.У.Құлдашева П-21 топ студенттеріне «Инклюзивті спорт психологиясы» тақырыбында проблемалық дәріс өткізді. Сабақ барысында параолимпиадашылар туралы бейнеролик көрсетіліп, мотивациялық эссе жазу мен кейс-стади әдістері қолданылды. Дәріс соңында жасанды интеллект арқылы кері байланыс ұйымдастырылды. Оқытушы, магистр Г.Қ. Қуаныш ұйымдастырған «Өзіңді таны – дарыныңды аш» атты workshop-та студенттер soft skills дағдыларын дамытуға бағытталған түрлі жаттығулар орындап, өз қабілеттерін танытты. Іс-шараға тәжірибелі психолог, арт-терапия және МАК маманы Н.Н.Фабдрахимова қатысып, студенттерге метафоралық карталар арқылы психологиялық сессия өткізді.

Педагогика және психология білім беру бағдарламасының оқытушысы, магистр А.А. Андрианованың Инклюзивті білім беру мәселелеріне арналған интерактивті форматтағы ашық сабақта лекция-дискуссия, рөлдік ойын, кейс-талдау және топтық жұмыс элементтері қолданылды. Сабақ студенттердің белсенділігін арттырып, олардың цифрлық және коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етті. Аға оқытушы, магистр Н.Е. Мұқанованың жетекшілігімен «Жасанды интеллект болашақ педагог-психологтар көзімен» тақырыбында семинар-тренинг өтті. 3-курс студенттері «Smart Psychologist» жобасын таныстырып, жасанды интеллекттің психологиялық қызмет жүйесіндегі қолданылу мүмкіндіктерін көрсетті.

Орталық кітапханада «Менің мамандығым – менің таңдауым» атты кәсіби бағдар беру мақсатында дөңгелек үстел өтті. Шараға қала мектептерінің жоғары сынып оқушылары мен жоғары оқу орындарының өкілдері және Педагогика және психология білім беру бағдарламасының оқытушысы Ж.С. Исмагулова мен «Педагогика және психология» мен «Әлеуметтік педагогика және педагог-ассистент» білім беру бағдарламаларының студенттері қатысып, мамандық таңдаудың өзекті мәселелерін талқылады. Сондай-ақ, п.ғ.к., аға оқытушы А.Г.Муханбетчина магистранттармен «Педагогикалық технологиялар» тақырыбында ашық дәріс өткізіп, инновациялық оқыту әдістерінің ерекшеліктерін таныстырды. Оқытушы Б.Н. Төлегенова ұйымдастырған «Жалпы білім беретін мектептерде ерекше қажеттіліктері бар балаларға кешенді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету» тақырыбындағы мотивациялық кездесуге тәжірибелі педагог-психологтар Ж.К.Мұрат және А.О.Таскенова шақырылып, студенттерге өз тәжірибелерімен бөлісті. Кездесу барысында ерекше балалармен жұмыс істеудің тиімді әдістері талқыланып, кәсіби бағыт-бағдар берілді.

Педагогика факультетінде әдістемелік айлық өтті

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Педагогика факультетінде «Инновациялық педагогика және құндылыққа негізделген білім: болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамытуда цифрлық трансформация, жасанды интеллект (AI), CLIL, инклюзивті білім беру, тұрақты даму құндылықтары, soft skills және зерттеушілік дағдылардың жаңа мүмкіндіктері» тақырыбында әдістемелік айлық өткізілді. Айлық аясында Педагогика және психология білім беру бағдарламасының профессор-оқытушылар құрамы және студенттердің қатысуымен бірқатар ғылыми-тәжірибелік, танымдық және шығармашылық бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылды.



Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласындағы «Оқушылар сарайында» дуалды білім беру мақсатында «Заманауи педагог-психологтың креативті алаңы: инновация және ынтымақтастық» атты тәжірибелік семинар өткізілді. Семинарды оқытушылар Б.Ж.Сариева мен Ж.Г.Байғалиева ұйымдастырды. Шара барысында студенттер интерактивті ойындарға қатысып, өздерінің кәсіби және шығармашылық әлеуетін танытты.

Әдістемелік айлық барысында өткізілген іс-шаралар

болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға, инновациялық ойлау мен шығармашылық бастамаларын дамытуға бағытталды. Мұндай бастамалар білім сапасын арттырумен қатар, заманауи педагог тұлғасын қалыптастыруға зор үлес қосады.

Ж.Г.БАЙГАЛИЕВА,

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Педагогика және психология БББ оқытушысы, магистр

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Тарих, экономика және құқық факультетінде өтіп жатырған «Жоғары мектептің цифрлық трансформациясы: ЖИ құралдары арқылы оқытуды жетілдіру» тақырыбындағы әдістемелік айлық шеңберінде әлеуметтік білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, философия ғылымдарының кандидаты Есентаева Айжан Муратовна философия пәнінен «Қоғам және мәдениет философиясы: дәстүр мен технологияның тоғысы» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Ашық сабақ Тарих, экономика және құқық факультетінің ИСТ-21, ИСТ-23, ИАДМ-21, ИО(ІР)-21 топтарында өтті. Ашық сабаққа Тарих, экономика және құқық факультетінің деканы: Алтынай Шуғайқызы Жұрасова, т.ғ.к., профессор, әлеуметтік білім беру бағдарламасынан Асхат Жангелдіұлы Әмен, PhD, аға оқытушы және аға оқытушылар Айгерим Жалғасқызы Күспанова, Алия Александровна Кенжегулова, оқытушы Нуршат Нурхановна Майманова, университеттің құзыреттілік орталығының әдіскері Лаура Джасузаковна Еркембаева қатысты. Сабақ барысында дәріс-дискуссия, интерактивті әдістер және ChatGPT, Google Gemini, Canva AI, DALL-E, Adobe Firefly сынды «Жасанды Интелект» платформалары қолданылды.

Сабақты Айжан Муратовна Есентаева Қоғам философияның қалыптасуында тамыры өте тереңде Ежелгі Грецияда: Платон және Аристотель сонымен бірге Огюст Конт, Карл Поппер, Освальд Шпенглер, Арнольд Тойнби т.б көптеген философтардың еңбектерінің негізінде қоғамда адамдардың бірлесіп өмір сүруінің маңыздылығын, қоғамның түрлерін, жалпы қоғам философиясы не екенін түсіндірді. Қоғам өмірінде «Мәдениет – адамның рухани келбеті, ал технология – оның ойының жемісі. Екеуінің үйлесімі – өркениеттің шынайы көрінісі», - деген философиялық оймен жалғастырды. Сабақты түсіндіру барысында оқытушы дискуссия әдісін қолдана отырып, студенттерге сұрақтар қойды, ал студенттер сұрақтарға белсене жауап берді. Сабақтың келесі бөлімінде ИСТ-21 тобының студенті Шыңғыс Бактыгулов пен ИО(ІР)-21 тобының студенті Саян Мақсотов белгілі философ әрі ойшыл Аристотельдің сөзімен озық оқыту әдісін пайдаланып, сабақты жалғастырды. Аристотель «Адам-саяси жануар, яғни қоғамнан тыс өмір сүре алмайды» дейді, яғни біз осы ашық сабақта бүгінгі қоғам мен мәдениеттің өзара байланысын ашып зерттедік. Саян мен Шыңғыс студенттерге қоғам мен мәдениеттің мәні туралы, интерактивті сұрақ қойды:

«Жоғары мектептің цифрлық трансформациясы: ЖИ құралдары арқылы оқытуды жетілдіру»

«Мәдениетсіз қоғам өмір сүре алады ма?» Бұл сұрақ аудиторияда қызу пікірталас тудырды. ИО-21 тобынан Несібелі Орысбай, ИСТ-21 тобынан Асылжан Мұратова мен Еркежан Рыскалиева, ИАДМ-21 тобынан Уринова Жайна өз ойларын еркін айтып, мәдениеттің қоғам өміріндегі маңызын атап өтті. Әр жауаптан жастардың ой ұшқырлығы мен қызығушылығы көрінді.

Келесі кезеңде қоғам мен мәдениеттің өзара байланысы жан-жақты талданды.

Қоғам мәдениетті қалыптастырса, мәдениет қоғамды біріктіреді деген ой қозғалды.

Мәдениеттің түрлері — материалдық, рухани, субмәдениет және контрмәдениет туралы нақты мысалдармен түсіндірілді.

Цифрландыру мен жаһанданудың мәдениетке тигізіп жатқан әсері талқыланды.

Сабақ барысында студенттер ChatGPT көмегімен «Жасанды интеллект мәдениетті сақтай ма, әлде өзгертеді ме?» деген сұраққа жауап іздеп, әртүрлі пікір ұсынды. Кейбірі ЖИ мәдениетті жаңаша таныту құралы десе, енді бірі оның дәстүрге қауіп төндіруі мүмкін екенін айтты. Осы кезеңде ИСТ-21 тобынан Мұратова Асылжан, Фарифолла Мейірман; ИСТ-23 тобынан Диана Еркебаева, Айжарық Нұрсұлтан, ИО(ІР)-21 тобынан Ақтілек Дәулетбекқызы, Жеңіс Исмагулов, ИАДМ-21 тобынан Гүлжанат Жүсіп, Жайна Уринова ЖИ көмегімен санаулы минутта сұраққа жауап беретін постер жасап, тақтаға шығып басқа студенттерге таныстырды.

Келесі кезеңде студенттер төрт топқа бөлініп, әр топ өзіне берілген тақырып бойынша талқылау жүргізді:

«Технология мен әлеуметтік желілер мәдениетті байыта ма, әлде жоя ма?», - деген сұраққа ИАДМ-21 тобынан Айназ Өсербай, Аружан Серикова, Гүлжанат Жүсіп «Технология мен әлеуметтік желілердің мәдениетке әсері екі жақты. Егер оларды дұрыс пайдалансақ — мәдениетті байытады, егер бейберекет қолдансақ — жояды. Ең бастысы — ұлттық құндылықтар мен дәстүрді сақтап, оны жаңа технология арқылы әлемге таныта білу» - деген жауап айтып, белсенділік танытты.

Дәстүр мен жаңашылдық арасындағы тепе-теңдік қалай сақталады? Бұл сұраққа ИО(ІР)-21 тобы студенттері Сырға Амантай, Сабина Газизуллина, Нұртас Жасұланұлы, Салтанат Болат «дәстүр мен жаңашылдықтың тепе-теңдігі — өткенге құрмет, болашаққа ұмтылыс. Яғни, тамырынан ажырамай, заман талабына сай бейімделу — даму мен жаңарудың кілті» - деп өз ойларын білдірді.

Жасанды интеллект қоғамдағы мәдени құндылықтарға қалай әсер етуі мүмкін? Ал бұл сұраққа ИСТ-21 тобының студенттері белсене қатысып, жауап берді. Джумабай Альбина, Жапбаспаева Маргарита, Фарифолла Мейірман, Мұратова Асылжан «Жасанды интеллект мәдени құндылықтарға оң және теріс тұрғыда әсер етуі мүмкін. Ол мәдени мұраны

сақтау мен таратуға мүмкіндік берсе, сонымен бірге адамдық қарым-қатынас пен дәстүрлі құндылықтардың әлсіреу қаупін де тудырады» - деген пікірлерін айтты

«Қазақ мәдениетінің ғаламдық мәдениетке ықпалы қандай болуы мүмкін?» деген сұраққа ИСТ-23 тобы студенттері Ақылбекова Аяжан, Ғалымжанова Аружан, Ғабдолов Райымбек, Болатов Нұртай «Қазақ мәдениеті ғаламдық мәдениетке өзіне тән қонақжайлық, табиғатпен үйлесім, дәстүрлі өнер мен музыка арқылы рухани байлық қоса алады. Сондай-ақ ұлттық киім, қолөнер және домбыра мәдениеті әлем халықтарының қызығушылығын арттырып, мәдени алмасуға жол ашады.» дейді студенттер.



Әр топ ChatGPT және басқа жасанды интеллект құралдарын қолданып, ақпарат іздеп, өз ойларын дәлелдермен қорғады. Топтардың шығармашылық таныстырылымдары ерекше әсер қалдырды: постер жасап, кейбір топтар визуалды материалдар арқылы өз идеясын ұсынды.

Жасанды интеллект демонстрациясы:

Бұл бөлім сабақтың ең қызықты сәттерінің бірі болды! ChatGPT «интерактивті сарапшы» рөлінде студенттердің сұрақтарына нақты жауап берді. Мысалы: ИСТ-23 тобынан Еркебаева Диана: «Жасанды интеллект болашақта адамдардың шығармашылығын алмастыра ала ма?» деген сұрақ қойды. ChatGPT: «Адам шығармашылығы — сезім мен тәжірибеден туады, ал жасанды интеллект тек соны толықтырып, жаңа шабыт бере алады» деген жауап айтты. Сонымен қатар Midjourney және DALL-E құралдары арқылы «Болашақтағы қазақ мәдениеті» атты жасанды интеллект жасаған көркем суреттер көрсетілді. Студенттер бұл көріністерді таңдана қарап, мәдениет пен технологияның тоғысы шын мәнінде қандай болатынын көз алдына елестетті. Сабақ соңында студенттер «Бүгін не үйрендіңдер?» деген сұраққа жауап беріп, өз ойларын ортаға салды. Көпшілігі жасанды интеллекттің көмегімен мәдениетті жаңа деңгейге көтеруге болатынын айтты. Кейбірі дәстүрді сақтау — біздің басты міндетіміз екенін еске салды. Рефлексия нәтижесінде студенттер мынадай ой түйді: «Мәдениет — адамзаттың айнасы, ал жасанды интеллект — сол айнаны үлкейтетін құрал».

Қорытынды сөз:

Бұл ашық сабақ студенттерге білім беріп, болашаққа жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік берді. Дәстүр мен технологияның үйлесуі — уақыт талабы. Ал білім жолында ізденген әр студент — мәдениеттің сақтаушысы әрі жаңашылы. Сабағымызды Мартин Хайдеггердің «Технология-тек құрал емес, ол әлемді танудың ерекше тәсілі» сөзімен қорытындыладық. Ашық сабақтың соңы университеттің құзыреттілік орталығының әдіскері Еркембаева Лаура Джасузаковна «Қоғам және мәдениет философиясы дәстүр мен технологияның тоғысы» атты философия пәнінен ашық сабақ – қазіргі білім берудің заманауи үлгісін көрсетті. Жасанды интеллект құралдарын қолдану, пікірталас және топтық талқылаулар студенттердің ойлау қабілетін дамытып, философиялық түсініктерін тереңдетті. Студенттер қоғам мен мәдениеттің байланысын талдап, өз көзқарастарын дәлелмен жеткізе алды. Сабақ теория мен технологияны тиімді ұштастырып, білімді практикалық деңгейде қолданудың жақсы үлгісін ұсынды. Бұл сабақ — ізденіс пен жаңашылдыққа жол ашқан маңызды тәжірибе. Айжан Муратовна мен студенттерге алғыс айтамын. Ашық сабақ өте жоғары деңгейде өтті» деген қорытынды сөзімен аяқталды.

Лаура ЕРМЕКБАЕВА,

Құзыреттілік орталығының әдіскері

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің педагогика факультетінде «Инновациялық педагогика және құндылыққа негізделген білім: болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамытуда цифрлық трансформация, жасанды интеллект (AI), CLIL, инклюзивті білім беру, тұрақты даму құндылықтары, soft skills және зерттеушілік дағдылардың жаңа мүмкіндіктері» атты әдістемелік айлықтың ашылу рәсімі өтті.

Іс-шараның мақсаты – педагогикалық білім берудегі жаңа парадигмаларды, инновациялық тәсілдер мен шығармашылық тәжірибелерді талқылау арқылы болашақ мұғалімнің кәсіби және адамгершілік келбетін дамыту. Айлықтың ашылуында факультет оқытушылары мен студенттері бірлесіп ұйымдастырған креативті форматтағы интерактивті алаң, тренингтер мен талқылаулар өтті. «Болашақ білім – әр студенттің жүрегіне алатын, технологиямен де, мейіріммен де жетелейтін орта бола ала ма?» деген ортақ сұрақ қатысушылардың терең ойына түрткі болды. Шара барысында жасанды интеллект пен CLIL технологияларын білім беру процесіне интеграциялау мүмкіндіктері, инклюзивті оқытудағы цифрлық құралдардың тиімділігі және soft skills дағдыларын дамыту жолдары қарастырылды. Әдістемелік айлық аясында алдағы аптада семинарлар, шеберлік сабақтары, ғылыми жобалар таныстырылымдары мен шығармашылық кездесулер жалғасын табады.

«Инновациялық педагогика және құндылыққа негізделген білім» айлығы



Бүгінгі жаһандану үдерісі жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау мен оны кейінгі ұрпақтың санасына сіңіру мәселесі - мемлекет дамуының стратегиялық бағыты. Әлемдік мәдениеттердің өзара ықпалдасуы мен ақпараттық кеңістіктің кеңеюі ұлттық құндылықтардың маңызын арттыра түседі. Ұлттық құндылықтарды ұлт тәрбиесінің негізі ретінде қарастыру - қоғамның рухани жаңғыруының басты шарты.

XXI ғасырда цифрлық білім берудегі баланың шығармашылық интеллектісі, жаңалықтарға жақындығы, эмоционалдық тұрақтылығы - тұлға әлеуетінің көрсеткіштері. Мәселен, мектеп оқушыларының білімі мен біліктілігін, дағдысы мен шеберлігін, адамгершілік қадір-қасиеттерін, дүниетанымдық көзқарастарын, салауаттылық тәртібін, жағымды мінез-құлық нормаларын ұлттық құндылықтар арқылы қалыптастыру басты міндет екендігі ҚР Білім беру саласындағы ресми-нормативтік құжаттарда көрсетілген. *Ұлттық құндылықтар – белгілі бір халықтың тарихи тәжірибесі мен дүниетанымынан туындаған рухани-мәдени мұралар жиынтығы*. Олар жеке тұлғаның мінез-құлқы мен өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруда, ұлттық сананы жаңғыртуда шешуші рөл атқарады.

Қазіргі кезеңде білім беру мен тәрбиелеу жүйесіне ұлттық мазмұнды енгізу қажеттілігі еселеп артып отыр. Өйткені жастардың рухани дағдарысқа ұшырамауы, өз халқының тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарауы ұлттық құндылықтарды меңгерумен тығыз байланысты. Ұлттық құндылықтарға негізделген тәлім мен тәрбие жүйесі тұлғаның ішкі мәдениетін қалыптастыруға, ұлттық сана мен патриоттық сезімді нығайтуға бағытталады. Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жүйесін зерделеу және талдау еліміздегі жалпы білім беретін мектептерде оқу – оқыту - тәрбие үдерістерінің ортақ мақсат жолында біртұтас кешендік жұмыстар арқылы іске асуын қамтамасыз етеді. Ұлттық тәрбиенің базалық мазмұны мен құрылымын ұлттық және өркениеттік мәдени құндылықтар мен дәстүрлер, мемлекеттік тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметі мен қазақ халқының діл ерекшелігі, туған жерін, халқын сүю және құрметтеу, отбасылық құндылықтарды қастерлеу, адамгершілік пен отаншылдық, кеңпейілділік пен бауырмалдылық, қамқорлық пен толеранттылық жағдайындағы заманауи сұраныс пен үйлесімдер айқындайды.

Өз тұсында ғұлама ойшыл Әл-Фараби: *«Әрекетіміз дұрыс болуы үшін біздің соған баратын жол қандай болу керек екенін анықтап алуға тиіспіз»* деген-ді. Қоғам дамуының рухани-мәдени бағыттары мен адам тәрбиесінің мазмұнын айқындауда *«ұлттық құндылық»* ұғымының ғылыми мәнін ашу ерекше маңызға ие. Себебі *ұлттық құндылық – ұлттық болмысын, дүниетанымын, тарихи жадын және мәдени тәжірибесін бейнелейтін күрделі рухани феномен*. Қазақ халқының рухани мәдениетінде ұлттық құндылықтар ұрпақ тәрбиесінің басты өзегіне айналған. Тарихи дәуірлер тоғысында қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенім, ауыз әдебиеті мен халықтық педагогика үлгілері – ұлттың мәдени кодын сақтаушы әрі жас ұрпақтың адамгершілік-рухани дамуына бағыт беруші күш ретінде танылды.

Асылы, *құндылық дегеніміз – адам өмірінің рухани мәні мен маңызы болып саналатын стандарттар, белгілі бір зат не құбылыстың қалаулы нәрселері туралы түсініктер мен сенімдер, қағидалар мен нормалар, қоғам тарапынан қабылданған жалпыға ортақ бағалы құнды әрекет-әдеттер*. Ол – *белгілі бір қоғары сападағы объектінің адам үшін, топ үшін, қоғам үшін қасиетті деп танылған танымдық құбылыстары*.

Ал *ұлттық құндылық ұғымы* белгілі бір ұлттың тарихи даму барысында қалыптасқан мәдени, рухани және әлеуметтік нормалардың жиынтығын білдіреді. Ұлттық құндылықтар халықтың ғасырлар бойы жинақтаған өмір тәжірибесін, дүниетанымын, дәстүрі мен моральдық қағидаларын сақтап, ұлттың өзіндік болмысын айқындайды. Ұлттық құндылықтар мазмұнына адам мен қоғам арасындағы қатынасты реттейтін моральдық-этикалық нормалар, ұлттық сана мен рух, тіл мен діл, салт-дәстүр, өнер мен мәдениет, тарихи жады сияқты рухани элементтер енеді. Олар ұлттың бірлігін сақтауда, қоғамдық сананы жаңғыртуда және жас ұрпақтың тұлғалық дамуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Бүгінгі таңда ұлттық құндылықтардың мазмұны кеңейіп, оны жаңа әлеуметтік жағдайға бейімдеу қажеттілігі туындап отыр. Өсіресе, жаһандану дәуірінде ұлттық тіл, дәстүр, дін және мәдени мұраларды сақтау – елдің рухани қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты шарты. Сондықтан ұлттық құндылықтарды білім беру мен тәрбие жүйесіне кіріктіру – жас ұрпақтың ұлттық болмысын сақтаудың, олардың санасына елжандылық пен адамгершілік қасиеттерді дарытудың тиімді жолы. Ғалымдардың пікірінше, ұлттық құндылықтар екі деңгейде көрініс табады: *біріншісі* – рухани-идеялық (сенім, ар-ождан, адамгершілік қағидалар, отансүйгіштік сезім), *екіншісі* – материалдық-мәдени (тіл, өнер, дәстүр, ұлттық киім, қолөнер, әдет-ғұрып). Осы екі деңгейдің үйлесімді дамуы ұлттың мәдени тұтастығын және ұрпақ



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР - ҰЛТ ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗІ

сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Өз тұсында Әл-Фараби сынды ұлы ойшыл ғылым-білім-тәрбие деген үш ұғымды философиялық, психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан дәйектей отырып, олардың тұлға қалыптастырушылық мәнін айқындаған. Мәселен, «Білім» құндылығы хақында ғалым: *«Білімсіз адамгершілік молаймайды, білімсіз адам өзгенің абзал қасиеттерін тани алмайды. Жан дүниені тәрбиелемей, үлкен жетістікке жету жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ. Мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымына қолы жетпейді»*, - деп тәрбиенің рухани-адамгершілік негізін салып берген.

Тәрбие, адамтану, ізгілік мәселелерінің ұлттық құндылықтық мәні Жүсіп Баласағұнның *«Құтты білік» дастанында* жан-жақты ашылған. Дастанда тұтас ұлттың мінез-құлықтық ерекшеліктері айқын көрініп, халықтың әдет-ғұрпында ежелден бері қалыптасқан үлкенге құрмет, кішіге ізет, обал-сауап, қонақжайлық дәстүрлерінің тәрбиелік қуаты үлгі етіледі. Ғұлама ойшыл парасаттылық, қанағат, әділдік, ақыл мен білім, тектілік сияқты тағылымдық құндылықтарды, қарым-қатынас құндылығын айрықша дәріптеген. Ғұламаның ерекше қарастырған құндылығы – ақыл мен білім. Адам үшін құт пен бақыттың кепілі – ақыл мен білім деген тұжырым жасай отырып, ақыл мен білім жеке адамға және жалпы қоғамға пайда әкелуі тиіс екендігін ескертеді.

Адамның дүниетанымы, көкірек көзінің ашылуы *Махмұд Қашғаридің басты еңбегі – «Диуани лұғат-ат-түркте»* сол кездегі түркі халықтарының дүниені қабылдауы, этикалық нормалары мен құндылықтары жөнінде бай мағлұматтың қамтылуымен түсіндіріледі. Ол тілді ерекше құндылық деп бағалап, ақылды сөз, есті сөз ғылымға бастайтын жол деген тұжырым жасаған. Ұлт болашағы ұрпақтарымызды заман талабына сай тәрбиелеудегі басты құндылықтар тіл, білім, ғылым десек, оның мәнін ұлы ойшылдар тұжырымына сүйене отырып айшықтай түсіреміз анық.

Ал *Қожа Ахмет Ясауидің* тәубешілік, ғибадатшылдық қасиеттерді мұсылманның құнды сипаты деп бағалауын имандылық тәрбиесінің өзегі десек қателеспейміз. Ол ар мен ұятты имандылықтың маңызды белгілері ретінде қарастырып, ар мен ұятты оятуды, тәлім-тәрбиемен тұлғаны жетілдіруді көздеген. Ғұламаның *«Диуани хикмет» еңбегіндегі* имандылық идеяларын құндылық ретінде меңгерту арқылы балалардың ұлт өкілі ретіндегі рухани келбетін қалыптастыру мүмкіндігіне ие боламыз.

XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында өмір сүрген қазақ халқының ойшылы Асан Қайғының ұсынған басты құндылығы – Жер. Оның дүниетанымда жер жай ғана жер емес, Жерұйық. Жалпы қазақ дүниетанымында жер қасиетті ұғым екені белгілі. Ал Жерұйық ұғымын ұсыну арқылы Асан Қайғы оның ерекше құндылығы мен мәнін жаңаша бір үлгіде көрсетеді. Қазақ халқының сол кездегі тарихи жаңа құрылымының жаршысы, ұраншысы

болған Асан Қайғы Жерұйық іздеп ел кезеді. Ондағы мақсаты халқына жайлы, жақсы жерді табу болатын. *Әр адамның Жерұйығы – өз туған жері*. Оқушыларға туған жер құндылығын, кіші Отан ұғымын меңгертудегі негізгі мысал мен дерек осы болмақшы.

Тілдің маңызы мен мәнін *«Ананың, бабаның тілін жетік біл. Тіл дегеніміз – шежіре»* деп түйіндеген филология ғылымдарының докторы, профессор, алаш зиялысы Құдайберген Жұбанов. Ол *«Тарихы жоқ ел де, тіл де, ұлт та тұл»* деген тұжырымды ұсыну арқылы ұлттық бірегейлікті сақтауға, елдік мүддеге жетуге, қазақтың шежіре тілін келер ұрпаққа аманат етіп жеткізуге бағыт сілтеп, ол үшін тарихты жетік білудің қажеттігіне айрықша мән береді.

Демек, жас ұрпақты уақыт тезінен өткен осындай құндылықтарға бағдарлап отырып оқыту мен тәрбиелеудің қажеттілігі күн санап арта отырып, өз мәнділігін ешқашан жоймақ емес. Олай болса, даналарымыз ұсынған адам, өмір, теңдік, жер, парасаттылық, татулық, ізгілік, тәубешілдік сияқты құндылықтарға мектеп оқушыларын бағыттап отырудың тиімді жолдарын іздестіру ешкімнің таласын тудырмайтын күн тәртібіндегі мәселе. Жинақтай айтсақ, *ұлттық құндылықтар – ұлттың тарихи жадынан нәр алып, халықтың мәдени тәжірибесі мен рухани болмысын бейнелейтін, адам тұлғасын қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын әлеуметтік-мәдени феномен*. Оның мазмұнын ғылыми тұрғыдан ашу – ұлттық тәрбиенің теориялық негізін айқындауға және оны қазіргі білім беру кеңістігіне тиімді енгізудің алғышарты. Ал ұлттың болашағы осы құндылықтарға негізделген ізгілікке бағытталған тәрбие мен санаға тәуелді. Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамыту – мәдени рухани болмысты қорғаудың басты шарты. Ұлттық құндылықтар арқылы адам өз болмысын таниды, қоғамда өзіне лайықты орнын табуға тырысады және оның өмірі айрықша мазмұн-мағынаға ие болады. Сондықтан адам әлемдік кеңістікте гуманистік және өркениеттік жолға апаратын бағыт-бағдар іздейді. Демек, *ұлттық құндылық – тек өткеннің мұрасы ғана емес, болашаққа бағдар беретін рухани-мәдени стратегия*. Олай болса, ұлттық құндылықтардың педагогикалық тұрғыдан зерттелу тарихы – қазақ халқының рухани даму жолын, мәдени сабақтастығын және ұлттық тәрбиенің үздіксіздігін айқындайтын маңызды бағыт. Ол қазіргі білім беру жүйесінде тұлғаның ұлттық болмысын қалыптастыру мен рухани жаңғыру идеясын жүзеге асырудың негізгі қайнар көзі.

Қысқасы, *«тұлғаларының тарихы мен мұрасын сыйлаған жұрт адаспайды, ұлттық «Менін», бағыт-бағдарын жоғалтпайды, яғни, мәңгіртке айналмайды»* деген түйін әбден қолдауға лайық.

А. С. ҚЫДЫРШАЕВ,

Ұлттық құндылықтар академиясы республикалық қоғамдық бірлестігінің Батыс Қазақстан облыстық филиалы кеңесінің төрағасы, педагогика ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі

ҒАЖАЙЫП ӘЛЕМІНЕ ӘДЕБИ САЯХАТ



XX ғасырдың көрнекті жазушысы, журналист әрі ұшқыш Антуан де Сент Экзюпериге арналған «Ғажайып әлемге саяхат» атты әдеби кеш өтті.

Аталған шара Ж. Молдағалиев атындағы облыстық орталық әмбебап ғылыми кітапханасының «Biblio tour» кітапханалық жобасы аясында ұйымдастырылды. Кештің өтуіне М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ғылыми кітапханасы, ИЯ-41, 45, 31 топ студенттері және француз тілі пәнінің аға оқытушысы С.Б. Бекмұхамбетова атсалысты.

Әдеби кешті ИЯ-41 тобының студенттері Гүлжамия Мақсотова мен Сұлтан Ахметов қазақ және француз тілдерінде жоғары деңгейде жүргізді. Шара барысында Антуан де Сент Экзюперидің өмір жолы мен шығармашылығына арналған танымдық презентация ұсынылып, мәліметтер екі тілде баяндалды.

ИЯ-41 тобының студенттері жазушының әлемге әйгілі «Кішкентай ханзада» философиялық ертегісі бойынша сахналық қойылым көрсетті. Кішкентай Ханзада рөлін шебер сомдаған Азат Мусағалиев көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Раушан гүлінің бейнесін Аяя Есенова, түлкі рөлін Жангүл Жанұзақ, ал ұшқыш образын Сұлтан Ахметов сомдап, кейіпкерлер арқылы автордың терең ойы мен адамзатқа жолдаған философиялық мәнін айқын жеткізе білді. Сонымен қатар Антуан де Сент Экзюперидің қазақ тіліне аударылған нақыл сөздері оқылып, көрермендерге ерекше ой салды. ИЯ-31 тобының студенттері кеш көркін арттыра отырып, «ғажайып әлемге саяхат» тақырыбында гүлдер биін ұсынды. Осы топтың студенті Әсел Жасұлан ертегіден алынған монологты әсерлі әрі мәнерлі түрде орындады.

Кеш соңы француз тіліндегі әсем әнмен түйінделіп, оны Дарья Пертрускевич орындады. Мазмұны бай, тәрбиелік мәні терең бұл әдеби кеш барлық көрерменге ұмытылмас әсер сыйлады.

Салтанат БЕКМҰХАМБЕТОВА,
Шетел тілі: екі шет тілі БББ аға оқытушысы

«Libship: кітап әлемінің шебері»

«Кітапханалық-педагогикалық қызмет» білім беру бағдарламасының ұйымдастыруымен «Libship: кітап әлемінің шебері» атты тағылымды сыр-сұхбат өтті.

Шараның қадірлі қонағы – Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапхананың әдіскері, көптеген облыстық және республикалық деңгейдегі байқаулардың жеңімпазы, «Қазақстанның үздік кітапханашысы» төсбелгісінің иегері, кітапханалық-ақпараттық, мәдени, инклюзивті жобалардың авторы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 2009 жылғы түлегі – Саменова Гүлмайра Беркінқызы. Спикер студент жастарға кітапхана саласының қоғамдағы айрықша орны мен маңызын жан-жақты ашып, өзінің кәсіби жолында жинақтаған мол тәжірибесімен бөлісті. Сонымен қатар кездесу барысында заманауи жасанды интеллект негізінде әзірленген «Ақын-жазушылар», «Мақал-визуал» ойындары ұсынылып, Брайль әліпбиін танып-білуге бағытталған қызықты әрі танымдық ойын-тренинг ұйымдастырылды. Шара студенттердің шығармашылық ой-өрісін кеңейтіп, кітапхана саласына деген қызығушылығын арттыра түсті.



Ақнұр АБАЙҚЫЗЫ,
«Кітапхана ісі» БББ 3 курс студенті

«6B01601 – Тарих», «M01601 – Тарих» білім беру бағдарламаларының студенттері мен магистранттары «Орал – Хан Ордасы – Сайхын – Орал» бағыты бойынша тарих-танымдық, этнографиялық экспедицияға қатысты. Экспедицияның негізгі мақсаты – Бөкей Ордасы кезеңінің тарихи-мәдени мұрасымен танысу, өлкенің рухани және этнографиялық ерекшеліктерін терең зерделеу болды.

ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯ

Іс-сапар барысында қатысушылар Хан Ордасы музей-қорығына қарасты 8 музейде болып, экскурсиялар тыңдады, музей қорларымен жұмыс жүргізді және сала мамандарымен мазмұнды сұхбаттар өткізді. Сонымен қатар студенттер мен магистранттар Хан Жәңгір, Дәулеткерей, М.С. Бабажанов кесенелеріне, сондай-ақ Сағи мен Сүлеймен әулиелер қорымдарына барып, тарихи ескерткіштердің маңызы мен зерттелу жайын қарастырды. Аталған экспедиция болашақ тарихшылардың кәсіби дайындығын арттырып, туған өлкенің тарихи мұрасын құрметтеуге, ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға зор ықпал етті.

Кітапханашы – уақыт айнасы

Қазіргі қоғамда ғылым мен мәдениеттің, білім мен ақпараттың тоғысқан жері - кітапхана. Ал сол рухани орталықтың жүрегі - кітапханашы. Кітапханашы - тек кітап сақтаушы ғана емес, ол – ұлт руханиятының, адамзат даналығының сақшысы және таратушысы. Сондықтан да оны «уақыт айнасы» деп атауға толық негіз бар. Кітапханашының басты миссиясы – адам мен кітаптың арасындағы алтын көпір болу. Бұл - тек кәсіби міндет емес, үлкен мәдени жауапкершілік. Ол ұлттың тарихын, әдебиетін, мәдениетін сақтап, келешек ұрпаққа жеткізеді. Уақыт өзгереді, ал кітапханашы – сол өзгерістердің айнасы. Бұрынғы кітапханалар тек оқу орны болса, бүгінгі заманда олар ақпараттық, мәдени және шығармашылық орталықтарға айналды. Кітапханашы енді тек кітап беріп қана қоймай, оқырманмен интерактивті байланыс орнатады, ақпараттық сауаттылықты дамытады, цифрлық технологияларды меңгереді.

Цифрлық дәуірде кітапханашының рөлі кеміген жоқ, керісінше, кеңейді. Ол енді оқырманға интернет кеңістігіндегі ақпаратты дұрыс таңдауға көмектесетін ақпараттық кеңесші, медиатренер, зерттеуші тұлғаға айналды. Заманауи кітапханашы компьютерлік жүйелермен жұмыс істейді, деректер базасын құрады, электрондық каталогтар жасайды, он-лайн іс-шаралар ұйымдастырады.

Заманауи кітапханашы екі әлемнің – дәстүр мен технологияның арасындағы теңгерімді сақтай білуі тиіс. Бір жағынан, ол ұлттық рухани мұраны сақтайды, екінші жағынан, жаңа форматтағы ақпараттық ресурстарды дамытады.

Қазіргі кітапханаларда QR-код арқылы кітап іздеу, электронды жазылымдар, онлайн конференциялар мен виртуалды көрмелер жиі өткізіледі. Осындай өзгерістерді жүзеге асырып, оқырманға ыңғайлы жағдай жасау – кітапханашының кәсіби шеберлігінің айғағы.

Кітапханашы мамандығын таңдаған адам ең алдымен рухани бай, мәдениетті, сабырлы, ізгі ниетті болуы тиіс. Бұл мамандық – жүрекпен атқарылатын еңбек. Оқырманмен тіл табысу, әр адамның қызығушылығын түсіну, дұрыс бағыт беру – үлкен психологиялық шеберлікті талап етеді.

Бүгінгі таңда көптеген елдерде «Кітапханашы күні» аталып өтеді, үздік мамандар марапатталады, кәсіби байқаулар ұйымдастырылады. Мұндай шаралар кітапханашы мамандығының беделін арттыруға, жас ұрпақты осы салаға қызықтыруға ықпал етеді.

Елімізде республикалық «Кітапханашылар күні» 24 қазан күніне бекітілді. Осы мерекеге орай, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің филология факультетінің «Кітапханалық-педагогикалық қызмет» білім беру бағдарламасында оқитын БПД-21 тобының студенттері «Кітапханашы-уақыт айнасы» атты әдемі әдеби-сазды кеш ұйымдастырған болатын. Аталмыш шараның мақсаты - осы мамандықты дөріптеу және оқырмандардың оқуға деген қызығушылығын арттыру болатын. Шараға университетімізге ақдемиялық ұтқырлықпен келген Осман Қабадайы мырза, ғылыми кітапхана директоры Тоты Еркінқызы, барлық ПОҚ және студенттер қатысты. Ерекше форматта өткен шарада қойылымнан үзінді көрсетіліп, ән шырқалып, көркем сөзден оқулар оқылып, қызықты ойындар ойналып, көрермендерді бір серпілтіті.

Кітапханашы — уақыттың айнасы, өйткені ол әр дәуірдің рухани бейнесін өз еңбегі арқылы көрсетеді. Кітапханашы – өз ісінің шебері, руханияттың сақшысы, қоғам дамуының көрсеткіші. Сол себепті, кітапханашыны уақыт айнасы деп атау – әділ баға ғана емес, оның қоғамдағы айрықша орнын мойындау.

Альбина АХАНОВА,
Филология факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары

«Менің атым - Қожа» хикаятының қазақ балалар әдебиетіндегі орны

Баланың деңгейіне түсемін деп әуре болмай шама жетсе баланың деңгейіне көтерілу деген - көлденең көк аттының қолынан келмейтін іс. Бала жанына үңіліп, оның тұлғалық болмысын қалыптастыруда қоғамдағы әрекеттерді, отбасылық қарым-қатынастағы ақ парақтай таза таным бала бейнесін ашып көрсеткен, әдебиетте «тәрбие» ұғымын кеңейте отырып, саф таза балалықтың куәсі болған, балғын да балдай дәурен шақтың әсеріне қанығып, баладай қиялға ерік беріп, есер қоғамның қозғаушысы болған даланың жарық жұлдызы жазушы-прозаик Бердібек Соқпақбаевтің туғанына биыл ғасыр туып отыр. Ғасыр биігіне қырандай самғап, сана биігіне өрмелей шығып, өзінің басынан өткен ғұмырын, еңбектеген шағынан тұлғалану кезеңіне көтерілген қызығы мен шыжығы мол әсерлі, ішкі жан дүниесі мен сыртқы әлеммен байланысын көрсеткен Бекен, төл туындысы арқылы кеңестік әдебиетте емес, бүтін бір қазақ әдебиеті тарихының белді де көрнекті өкіліне айналды.

Өлеумет жаршысы, дара да дана жазушының әйгілі - «Менің атым - Қожа» шығармасы қандай адамзаттық мәселелерді қозғады? Оқырманның, көрерменің көзайымына айналып, ыстық ықыласқа, риясыз ризашылыққа бөленген шығарма арқылы не айтпақ болды?

Белгілі сыншы, әдебиеттанушы ғалым, балалар әдебиетінің өкілі Анар Кабдуллина: «Бала деңгейіне көтерілу үшін тәрбие қажет» дейді. Тәрбиенің бұлағынан сусындап өскен жаны таза, Бердібек білімді де, ақиқатты ардақ тұтуды да оқу арқылы бойына сіңіре білген. Өмірі аштық пен зұлыматты сағысқа тұспа-тұс келген кіршіксіз бала ата-анасынан ерте айрылып, айнымас азапқа батты. Әдебиетке өзінің күпті көңілін, аянышты тағдырын емес, бала өміріндегі сәулелі сәттерді, өзі армандаған тәтті де, ерке ғұмырын қисындатып, юмормен шебер суреттеп жеткізе білген. Мәселен, «Үміт еткен қоңырау» тарауында Қожа орыс тілі пәнінен үйге тапсырылған өлеңді уақытында орындамағанына іштей налып та, ұялып та отырғаны көрінеді. Әрі ішкі толғанысы да айқын көрінеді: «Қазір тақтаға сені шақырса қайтесің? Сен не деп сылтау айтасың? Сұлтан екеуміз балық аулап, қарақшылық өмірдің қамын жасаумен болдық демекшімісің?..». Міне, осы шағын үзіндіден өзі-өзінен іштей сырласып, керағар

қылық пен сұрқия ісінің қате екенін саналы ұғынып отырған бала бейнесін көресің де, бойың жылуланып қоя береді. Хакім Абай: «Күнінде бір мәртебе болмаса бір айда өзіңнен бір рет есеп ал» дегендей Қожаберген бала болса да, ересектей ойы бар есті адамның сөзін танытып отырғаны айдан анық, күннен жарық көрініп-ақ тұр.

«Бала» деген ұғымды «қызық» сөзімен жуықтатып алсақ қате болмас. Өйткені балалықтың төресі - қызық, ол өмірдің қайталанбас сәті. Бердібек ата хикаятта «қызық» ұғымын Қожаның әрекетіне де, сөзіне де салып берген. Мысалы: «Майқанова кірді де, класс журналы мен сумкасын менің алдыма қойып, өзі тысқа шығып кетті. Сол кезде басыма бір қызық ой келе қалды. Кішкентай бақаның бірін Майқанованың сумкасына сұңгіттім де жібердім» деген жолдарында баланың ісі шала екенін, ойы алда, ақылы артта жүргенін көрсеткен. Бүтін бір ауылды даңғазға қылған Қожа ақырында қайрат қылып, өзін-өзі тәрбиелеуге көшті. Оның буынын құрып, делебесіне әсер беріп талаптандырған өзінің тұзы жараспаған қазақ тілі апайы Майқанова еді. Ұстаздың балаға сөнбес сенімі айқын көрініс тапқан.

«Қара Қожа» атанған Қожаберген шығармада өзінің әкесіне деген ұлы махаббатын, сары сағынышын шығарма басында монолог арқылы көрсеткен: «Еһ, қайран әкем! Егер сен тірі болсаң, мүмкін мен бұдан гөрі басқадай болар ма едім» деген жолдарында әкенің қатқыл мінезі мен қас-қабағы қажет екенін, әке - бала қорғаны, абыройы екендігін асқан толғаныс, толқыныспен жеткізе білген. Бір байқайтыным, Бердібек Соқпақбаев шығармаға өз өмірін арқау еткені белгілі. Алайда, ол шығарма мазмұнының бас-аяғында «жалғыз» көрінеді. Жалғыз, телі өскен бала ретінде байқалады. Шын мәнінде, әдебиет алыбы Сатылған ағасының тәрбиесінде болғаны да факті. Бірақ туынды қаһарманының рухани баюы - өзінің жалғыз-жаяулап жеткен жетістігі.

Қорыта келе, ұлт руханиятының, ұлттық, отандық әдебиеттің дамуына сүбелі үлес қосқан Бердібек жазушы әдебиетте ешкімге ұқсамайтын характер образын, өзіндік қолтаңбасын қалдырды һәм оның осы бір кесек туындысы көптің көңілінен шығып, әлемнің 30 тіліне аударылды.

Ернар ЖАҚЫПТЕГІ,
ҚТӘ-11-3 студенті

«Менің тегім кім, түбім кім? Адам қалай жаратылды?» деп ойлау бәріне тән нәрсе, тән сұрақ деп білемін. Үлкендерден естігенім «тегім-Әлім, түбім-Қазалы». Ал одан бұрын не болды?

Менің әкем - Айғабыл. Атам - Қарлыбай.

Әкешімнің қандай жан екенін ауыз жимай айтамын. Мәрттігін, жомарттығын, ақ-адал көңілін, ниетін айтудан шаршаған емеспін, шаршамаймын. Бүгін атам туралы жазғыс келіп отыр. Ол кісінің тағдырын, басынан кешкенін өз аузынан естіген емеспін. Тек бір әңгімесінде «Тахтакөпір» туралы айтатын. Кішкентай болдым ба? Әлде атам айтқысы келмеді ме? Білмеймін... Айтпайтын ...мән де бермеппін. Атам өмірден өткен кезде, Қарақалпақстаннан туыстары келді. Менің ол жақта туыстарым бар екен! Міне, жаңалық. Бәрі де қазақ, бәрі де Әлім.

Менің атам сол жақта өмірге келіпті.

атамның үлкен апасы және өзі аман қалады. Атам туды, анасы «мына баланы да көміп тастаңдар, 12 балам өмірден өткенде бұның не керегі бар?» деп, баласын емізбей қойған екен. Сонда сол ауылда Қарлыбай деген жырау қария бар көрінеді. Ол кезде үлкеннің сөзін жастар екі етпеуші еді ғой.

Жырау келіп «айналайын, балаңды еміз, ендігі осы баланы өсіруді, өндіруді ойлаңдар. Менің атымды берейін, аты - Қарлыбай болсын» деген екен. Содан үлкен әжем атамның жанарына қарапты. Құдайдың берген тағдырына көндігесің, басқа амал қайсы?! Атамның 3 жасында анасы қайғыдан қан жұтып өмірден өтеді.

Ә к е с і

(атам Сағын)

білімдар, зиялы кісі болған.

Қуған-сүргінге ұшырап, түрмеде өмірден өтті. Содан атам тұл жетім, ағасының қолында Орал қалада өсті. Мектеп бітіріп, Қарақалпақстанға оқуға түседі. Жалғыз апасы — Раушан. Ол кісі де екі бала дүниеге әкелген соң, өмірден өтті. Атамның енді барар жері жоқ. Оқуға түсті бірақ, жоқшылық заман, тұрар жері жоқ. Солай медициналық білімін аяқтамай, оқуын тастап кетеді.

Сосын тағдырдың айдауымен атам Қазалы шаһарында бой түзеді. Қазалыда жақта оқып, білімін алып, әжеме үйленді. Бір айналдырғанда, шыр айналдыру деген осы. Атам мен әжемде 10 жыл бала болмады. Менің әкем ата-әжемнің екінші перзенті, тұңғыш атқа мінері. Ал үлкені, тұңғышы менің Ақтөтем - Маржан Қарлыбайқызы. Менің атамның өмірі осындай, бұл мен білетін деректер. Мен білмейтін қаншамасы бар. Осындай тағдырға қарап отырып, жүрегім жылайды. Менің ұлы адамым, менің кішкентай жүрегімнің үлкен бөлшегі - ол сізсіз ата! Мен «Атабаламын».

Жатқан жеріңіз жайлы болсын. Мені желеп-жебеп жатқайсыз!

Меруерт ҚАРЛЫБАЙ,
ҚтәА-33 студенті

Балалық шақтың аспаны

Ақын дейді тасып өткен -
Ал талантым орталау.
Мені жырға ғашық өткен-
Ғарыш еді, қалқам ау.

Сүмбіледей сыр іздерім
Жеткізген жоқ, артты.
Жұлдыздардан жыр іздедім,
Айдан алдым шабытты.

Көкті сүймеу - қылмыс сынды,
Сүйе білу - жарты бақ.
«Өлең» дейтін жұлдыз тұрды,
Жанарымда жалтырап.

Айым туып, күнім күлді.
Сол жұлдызды жақтым мен.
Тыныштықты, тұнық жырды -
Түнгі аспаннан таптым мен.

Бүкіл әлем астарынан -
Бөлектеніп, тысқары -
Біздің ауыл аспанынан,
Өтетіндей Құс жолы.

Ыстық маған арай тұнған,
Қиял - көкпен таласқан
Қызық маған, қалай тұрған.
Еріп кетпей көк аспан?

Жұлдыз - сөнген, көңіл - тозған
Балалық шақ сөнгендей.
Көкке қарап, қолын созған -
Әрбір бала дәл мендей.

Даурен САДИЕВ,
Қял-13 студенті

ҚЫЗ ПЛАҒДЫРЫ...

Қыз деген — бір тамшы нұр жерге түскен,
Құдіреттің таңғы шықтай өрнек еткен.
Ақ көңілін ақ орманға жасырып ап,
Жан әлемін сырлы әуенге тербеткен.
Қыз деген — таңғы арайдың аппақ тынысы,
Жібек желдің жүрекке жеткен сыбысы.
Сөнбеген үміттің мәңгі шырағы ол,
Таза ардың, пәк жанның мөлдір ұрысы.
Қыз деген — жүректегі инабаттың өнегесі,
Өр рухтың, асқақтықтың терең есі.
Ғасырларды жалғап тұрған уыз мейір,
Жердің де, елдің де ең қадірлі белес елі.
Қыз деген — қамқорлыққа зәру нәзік тамыр,
Жауынды күн — жанының жалғыз жаңғырық жайы.
Жарық күнде гүл болып жайқалса да,
Көлеңкеде күрсінер өмір жайлы.
Қыз деген — қиялымен көкке өрлететін,
Сезімінің сәбиіндей сөйлемдететін.
Көңіліне жүк артсаң ауырлайды,
Түсінсең — тұтас әлемді жеңілдететін.
Қыз деген — жолдың шарты, тағдыр сыны,
Жылап тұрып күлдірер жанның мұңы.
Тағдырын теріс тартса түнек басар,
Жақындаса жақсылық — жарық күні.
Қыз деген — ертеңгі ана болар,
Бесігін тербететін дана болар.
Өр жүректе із қалдырып өте шығатын,
Жібек мінез, мейіріммен сана толар.
Қыз деген — ел намысы, үзілмес әуез,
Ата-бабам аманат қып қалдырған сөз.
Қызды сыйлау — елді сыйлау деген ұғым,
Ұғынғанға бұл заңдылық ешқашан өзгермес.
Қыз деген — өзін-өзі қорғар емес,
Жүректердің жылуына тояр әне.
Сезіміне сел қоймай, сынай берсең,
Бір сәтте сынып кетер тағдыр әлде.
Қыз деген — ақ бұлттардың жұмсақ болмысы,
Жаңбыр болып жыласа — үнсіз толқыны.
Бақыт тілеп, бақ сұрап аңсап тұрар,
Болашақтың кіршіксіз ең таза жырлығы.
Қыз тағдыры — бүтін елдің тағдырымен сабақтас,
Бесіктегі ар-намысы биік халық бас.
Қызды қорғау — өткендердің аманаты,
Ұрпақтарға үлгі болар ұлы мұраттас.
Қыз тағдыры — өмір деген ұзақ жолда,
Жау да бар, дос та бар қасында онда.
Жүрегінің нәзіктігін таптамау — шарт,
Жауапкершілік — әр адамға ортақ толғау.
Қыз тағдыры — шындық пен ардың айқасы,
Әлемнің неше түрлі күйге тайпасы.
Бір ғана жүрекке мың тағдыр сыйып тұрар,
Сол жүректің сақталсын әрбір айнасы.
Қыз тағдыры — ақ үмітпен басталатын,
Мөлдір сезім, ақ арманға астасатын.
Қыздың бағы — елдің бағы деген сөзді
Құрметтейтін ұрпақ ғана жасасатын.

Аяжан АБУХАН,
ҚТӘ-31 студенті

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады-Издается с 30 января 2016 года



Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
Ахмет Байтұрсынұлы

ЖУРНАЛИСТ

№11 (86), желтоқсан 2025 жыл (Journalist)

Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

■ Құндылық көзі

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті филология факультетінің 3-курс студенттері 2025 жылғы қараша айының 13-інде Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатында болып, оқушылар мен студенттер арасында мектеп директоры мен мұғалімдерінің қатысуымен «Шешендік - тұлға көркі» атты семинар-концерт ұйымдастырды. Бұл кездесудің ғылыми жетекшісі - университет профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, академик Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев. Шара мақсаты - мектеп оқушыларын шешен сөйлеу мәдениетіне баулу.

ШЕШЕНДІК – АҚЫЛҒА ЖЕТЕКШІЛІК ЖАСАЙТЫН ӨНЕР



Семинар бағдарламасында «Шешендіктану» ғылымы, зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеттері, шешендік сөздердің жанрлық-тақырыптық жіктемесі бойынша спикер студенттер Томирис Есендәулетқызы Сабитова, Ақбота Ширмединқызы Ширмедин; Шешендіктанудың тарихи парақтары, шешендік өнердің дүниежүзілік халықтық сипаты, ежелгі түркі шешендігі (Афрасиаб, Анақарыс, Тұмар ханым, сақ аруы Зарина), көне түркі шешендігі, орта ғасырлық түркі шешендігі, қазақ халқының шешендік дәстүрі, Жиренше шешен, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би, Сырым шешен, Махамбет ақын шешендігі жайында спикерлер Айша Махамбетқызы Хансұлтанова, Аяулым Тұрарқызы Бақыт, Ерасыл Ерболұлы Уахит; Шешендіктану ғылымы мен логика ілімінің байланысы, шешен сөйлеудің логикасы, шешендік сөзде логика заңдарының қолданылуы, айғақтама (аргумент, аргументация), аксиома жайында спикерлер Дина Қанатқызы Көшербаева, Ажан Мәуленқызы Абухан, Ұлдана Жеңісқызы Үкім; Шешен сөйлеу мәдениеті, шарттары, шаршы топ алдында сөз сөйлеу тіліне қойылар талаптар, сипаттамасы, тілдік норма жайында спикерлер Аружан Арманқызы Ұзақбайырова, Яна Бердіғұлқызы Сағын, Қарлығаш Ұзақбайқызы Тілепбаева; Шешен мен аудиторияның арақатынасы, шешеннің аудиторияға әсер ету каналдары,

аудиторияны бағалау өлшемі, аудиторияның сапалық белгілері, тыңдау уәждері, тыңдаушы типтері бойынша спикерлер Нұрайна Абзалқызы Аманғалиева, Аяулым Асыланқызы Марселова, Назкен Мақсатқызы Асан; Қазақ шешендіктану ғылымындағы шешен этикасы, анықтамасы, қағидалары, сипаттамасы бойынша спикерлер Мәдина Махамбетқызы Төленова, Назерке Саматқызы Самиғоллина, Асылай Ерболқызы Ерболова; Шешеннің шаршы топ алдында сөйлеу техникасы, қағидалары, сипаттамасы жөнінде спикерлер Меруерт Айғабылқызы Қарлыбай, Дильназ Ұланшақызы Талапова, Дильназ Ерланқызы Мақсотова сынды студент жастар ұстаздарының берген білімі мен өзіндік ізденістері барысында мол мағлұматпен бөлісті. Семинар барысында айтылған осы және өзге де мәліметтер оқушылардың шешендік өнерге қызығушылығын туғыза алды.

Семинар сәтінде өз өнерлерін көрсету мақсатында студент-жастар Нұрайна Абзалқызы Аманғалиева ақын Мұхтар Шахановтың «Ақсақ Темір қалай ақсақ атанды?» поэмасын, Меруерт Айғабылқызы Қарлыбай ақын Төлеген Айбергеновтің «Ана» өлеңін мәнеріне салып, нақышына келтіре орындаса, Салықова Назерке Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін гитара аспабының сүйемелдеуімен тыңдарманның жүрегінен орын

аларлықтай тебіренге шырқап берді. Ал ескі-есті әндерді жаңғыртқан ҚТӨ-31-тобы студенттері атақты қазақ композиторы Шәмшінің әндерінен поппури орындап, көпшіліктің көңілінен шықты.

Сондай-ақ оқушыларды жалықтырмау, миға шабуыл жасау мақсатында студент-жастар өздерінің оқушыларға арнайы даярлап әкелген интеллектуалды ойындарын да ұсына алды. Атап айтсақ, ҚТӨ (А)-33 - тобының студенттері «Ойлан тап» сұрақ-жауап ойынын ұйымдастырды. Бұл ойын «Жасырулы жұмбақтар», «Кім жүйрік?», «Жұлдызды сұрақ» атты үш кезеңнен тұрды. Ойын шарты бойынша оқушылар екі топқа бөлініп, белгілі уақыт ішінде сұрақтарға жауап берді. Ойынның басты мақсаты - оқушылардың таным көкжиегін зерделеп, білім-білік дағдыларын шыңдау. ҚТӨ-33 - тобының студент жастары Абай мектебінің шәкірттеріне ағартушы, философ Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығына арналған «Мен таныған Абай» интеллектуалды ойынын ұсынып, әдебиет әлеміне шолу жасатты. Белсенді қатысқан оқушыларға шағын сый-сыяпаттары тарту етілді.

Семинар барысында мектеп оқушылары да өз өнерлерін паш етіп, бірі домбырада күй шертсе, енді бірі ақындық дарындылығын көрсетіп, мәнерлеп арнау өлеңдерін оқыды. Оқушы-студенттердің аса ынтызарлығын туғыза алған таңғажайып ойлы кеш соңында БҚО Дарынды балаларға арналған Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының директоры Сұлтанов Данияр Амангелдіұлы сөз алып, университет ұстаздарына, студент жастарға өз алғысын айтып, оқушылар мен студенттерге білім жолында биік шыңдарға жетуге қатысты ақ тілегін жаудырды. Семинар-концерттің «Шешендік - ақылға жетекшілік жасайтын өнер» атты түйін сөзін ұстазымыз профессор Абат Сатыбайұлы алып, шешендік жастардың көркі, сәні екендігіне баса мән берді. Тәрбиелік мәні зор, жас ұрпақты шешен сөйлей білуге баулитын, үлкен мен кішіні, мектеп пен университетті байланыстырған мәнді де мағыналы кездесуге мұрындық болған қадірлі ұстазымыз профессор Абат Сатыбайұлына ерекше алғысымызды білдіреміз. Осындай тағылымы терең кездесулер жалғасын таба бергей! Өскекең ұрпаққа ұстазымыздың жолын берсін! Білікті ұстаздар қатарынан болғаймыз!

Нұрайна АМАНҒАЛИЕВА,
филология факультетінің 3-курс студенті
(«Қазақ тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі» БББ)

И снова на сцене раскрыл свой занавес студенческий театр «Эхо» со своей премьерой «Волшебная гора» Томаса Манна. И этот спектакль был посвящен ушедшей недавно из жизни кандидату филологических наук, доценту Чечётко Маргарите Владимировне, которая являлась основоположником и режиссёром театра «Эхо», чью деятельность мы продолжаем сегодня. За свои 61 год педагогической деятельности в нашем университете, Маргарита Владимировна Чечётко посвятила себя науке, педагогике, образованию молодого поколения и конечно же воспитанию моральных, этических, душевных качеств человека на примере героев литературных произведений, оживляющихся на подмостках театра «Эхо», девизом которого являлось «Играем и учимся»

На филологическом факультете ЗКУ, на кафедре ОП Подготовка учителей иностранных языков и литературы под руководством старшего преподавателя Шунайбековой Кльжиян Миндагалиевны и при участии группы ИЯ(IP)-12, ИЯ-45 было проведено литературное мероприятие, посвящённое 150-летию со дня рождения немецкого писателя Томаса Манна.

Мероприятие было направлено на ознакомление участников с жизнью и творчеством великого писателя, а также на развитие интереса к немецкой литературе и формированию культурного кругозора студентов.

В начале мероприятия была представлена презентация, включающая информацию о жизненном пути Томаса Манна, его творческих достижениях, наиболее известных произведениях и вкладе в немецкую литературу. Участники узнали о его писательском стиле, философских взглядах и о том, как он развивался как один из выдающихся представителей реализма XX века.

После презентации для зрителей была проведена викторина из 10 вопросов, связанных с биографией и творчеством Томаса Манна. Участники активно принимали участие, проявили интерес, знания и смекалку, что создало живую и

Театр «Эхо» сегодня



увлекательную атмосферу.

Заключительной частью мероприятия стал отрывок из спектакля по мотивам романа «Волшебная гора».

В сценке были раскрыты ключевые идеи произведения — противопоставление идеалов разума и эмоций, духовных поисков и реальной жизни. Каждый персонаж передал свой внутренний мир и жизненные убеждения через диалоги и действия.

Особенно стоит отметить студентов группы ИЯ(IP)-12, которые блестяще справились со своими ролями, сумели тонко раскрыть характеры героев и передать их эмоциональные переживания. Их игра отличалась искренностью, артистизмом и глубоким пониманием замысла автора.

Зрители с большим восторгом наблюдали за происходящим на сцене, тепло реагировали на выступление и отметили высокий уровень подготовки участников. Атмосфера в зале была наполнена интересом, восхищением и благодарностью к организаторам и исполнителям постановки.

Главная мысль сценки заключалась в том, что какие бы трудности ни встречались на пути, важно сохранять позитивное отношение к жизни, веру в себя, мужество и силу духа.

Почётными приглашёнными гостями данного мероприятия были представители немецкого общества города Уральска «Wiedergeburt» Мартынова Марина Владимировна, руководитель молодёжного

центра Баева Любовь Геннадьевна. Они с восторгом выразили свои впечатления о спектакле и о таланте наших актёров-студентов 1-го курса ИЯ(IP)-12. Также они предложили совместную работу с нами в данном направлении.

Мероприятие прошло на высоком уровне, в дружеской и познавательной атмосфере. Цели и задачи были выполнены: участники расширили свои знания о личности и творчестве Томаса Манна, проявили интерес к изучению литературы и получили положительные эмоции.

К.М. ШУНАЙБЕКОВА,
ст. преподаватель ОП «Подготовка
учителей иностранных языков и
литературы»



«ECOCLUSTER DAY»

Махамбет университетінде «ЭкоЖайық» клубы «ECOCLUSTER DAY» атты экологиялық шара ұйымдастырды. Мақсат – экология саласында білім алатын студенттердің бір-бірімен тәжірибе алмасуын, ынтымақтастығын арттыру және жас экологтардың кәсіби дамуына қолдау көрсету.

Қатысушылар үш командаға бөлініп, берілген экотақырыптар бойынша өз идеяларын ұсынды. Бұл олардың экобелсенділігін, ұйымшылдығын және жаңа көзқарастарын айқын көрсетті. Шара «Таза Қазақстан» бағдарламасының міндеттерімен үндесіп, студенттерге экологиялық мәдениетті нығайтуға, табиғатты қорғау бойынша жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік берді. «ECOCLUSTER DAY» — жас экологтар үшін тәжірибе алмасатын, жаңа ойлар туындайтын маңызды алаң. Мұндай бастамалар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Айым СЕРІК,
ЭКО-21 студенті



РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТУСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

**М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан
университеті.**
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.
ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021ж. қайта есепке алу туралы №КЗ27VPY00033105 куәлігі берілген.
Таралымы 800. Тапсырыс № 816

РЕДАКТОР: Мейірман ЖАНҰЗАҚОВ

ТІЛШІЛЕР:

Аружан ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ, Айым СЕРІК,
Айару БЕЙБІТҚЫЗЫ

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Оқу теледидары және
графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.
тел.: 50-51-48, 51-41-99

Мекен-жайымыз: 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: wku.edu.kz, e-mail: orken.gazeti@mail.ru